Составленные согласно указанным принципам обучения и критериям отбора содержания учебные программы по дифференциальным уравнениям учитывают специфику специальностей и состоят из инвариантной и вариативной частей. Инвариантная часть обеспечивает фундаментальную математическую подготовку и включает теорию и методы интегрирования разных (линейных и нелинейных) дифференциальных уравнений и систем, линейных уравнений в частных производных первого порядка, решение начальной и краевой задач. Эти разделы являются обязательными для всех физико-математических и некоторых технических специальностей университетов и институтов. Вариативная часть служит для развития и расширения инвариантной части программы и строится с учетом специфики специальности университета и научного направления кафедры. Например, вариативная часть программы по специальности «математика» содержит доказательство теорем существования и единственности для различных уравнений и систем с применением принципа сжатых отображений, матричные методы интегрирования линейных стационарных систем, теорию

устойчивости, по специальности «прикладная математика» - приближенные методы решения уравнений, метод малого параметра (регулярный и сингулярный случаи), линейную краевую задачу, по специальности «механика» - начальную теорию колебания, автономные системы, предельные циклы и точки покоя, устойчивость положения равновесия для линейных и квазилинейных систем, по специальности «физика» - гармонические колебания, периодические решения (теория Флоке), резонансы, задачу Штурма-Лиувилля, численные методы решения задачи Коши. Вместе со структурными компонентами программы для каждой специальности раскрываются задачи изучения дисциплины, перечень знаний, умений и навыков, приобретаемых в процессе обучения курсу, указывается требуемый уровень строгости программных материалов, перечень предшествующих, а также смежных дисциплин, трудоемкость дисциплины.

Однако при этом теоретическая сторона и методический подход должны сочетаться в разумных пределах. За формализацией не должны быть упущены содержательная сторона и прикладная ценность изучаемых понятий и методов. Среди простых и естественных методов предпочтение надо отдавать тем, которые допускают дальнейшие обобщения. Это дает возможность студенту схватить основную идею и метод исследования данного раздела, и перспективу дальнейшего их использования.

Раскрыть индивидуальную математическую склонность отдельных студентов достигается содействием развитию у него инициативы и навыков самостоятельной работы, оказанием своевременной помощи и воспитанием уверенности в прочности собственных знаний.

В основе подготовки специалистов должен лежать самостоятельный труд студентов по усвоению не только учебного материала, но и обширного объема знаний, накопленного человечеством в той или иной сфере деятельности. Обществу на современном этапе его развития нужны не только высококвалифицированные специалисты с высшим образованием, но и личности с такими чертами, как самостоятельность, активность и творческая инициативность.

Преподавание дифференциальных уравнений должно базироваться на принципе естественности и наглядности, где основной акцент делается на принципиальных моментах: теоремах существования и единственности решения начальной и краевой задач, качественном исследовании решений, методах интегрирования линейных уравнений и систем, теории линейных уравнений, восходящей к теории линейных пространств и операторов. Простое, легко охватываемое и одновременно выпуклое, универсальное изложение существенных, основополагающих материалов приведет к наглядности преподавания. Процесс математической подготовки студентов по

дифференциальным уравнениям, как часть профессиональной подготовки, определяется структурой поэтапного освоения математических знаний и включает в себя следующие этапы деятельности студентов [3].

Первый этап - начальный, носящий одновременно и пропедевтический (подготовительный) характер, представляющий собой серьезное систематическое, целенаправленное использование простейших понятий дифференциальных уравнений еще в курсе математического анализа (примеры типа $y' = f(x)$, $y'' = f(y)$ и др.), решение прикладных задач, описываемых дифференциальными уравнениями и решаемых посредством аппарата дифференциального и интегрального исчисления во вводной части самого курса дифференциальных уравнений. На этом этапе происходит ознакомление, овладение основными понятиями и элементами дифференциальных уравнений, навыками составления простейших математических моделей физических, механических и других явлений, методами интегрирования дифференциальных уравнений с разделяющимися переменными, однородных уравнений. Здесь формируется математическая подготовка на понятийном уровне, когда студент понимает суть дифференциальных уравнений, и их основных элементов, умеет интегрировать самые простые уравнения и решать шаблонные задачи по ним.

Второй этап — этап начальной серьезной математической подготовки, когда совершенствуются навыки выполнения базисных операций (навыки интегрирования линейных дифференциальных уравнений первого порядка, составления общих решений линейных однородных уравнений с постоянными коэффициентами, применения метода вариации произвольных постоянных и неопределенных коэффициентов для решения неоднородных уравнений, нахождения с помощью итерации приближенное решение задачи Коши и др.), теоретическое изучение дисциплины с учетом внутренних, междисциплинарных связей и прикладного характера и использование накопленных знаний и умений на решение практических задач по профилю подготовки. Этап формирует математическую подготовку на репродуктивном и локально-моделирующем уровне, т.е. когда студент может воспроизвести изложенное преподавателем и усвоенное им самим, выполнять функцию будущего специалиста по отдельным темам и разделам.

Третий этап — этап основной математической подготовки, когда происходит основательное и глубоко осознанное освоение теории, методов решения и исследования дифференциальных уравнений на уровне, допускающем возможность осуществления студентом самостоятельной деятельности в выполнении заданий практического и, теоретического характера, курсовой работы и др. Этап формирует математические знания и умения высокой степени, характеризующиеся

осознанностью цели, мотивов и средств выбора вида деятельности, т.е. формирует подготовку на системно- моделирующем уровне, когда студент не только владеет глубокими знаниями и умениями, но и может формировать у других прочные знания, умения и навыки по всем основным разделам курса.

Четвертый этап – этап творческого освоения деятельности на самостоятельном, профессиональном, научно-организованном уровне, которому отвечает сформированность научно-исследовательских способностей решать различные математические и прикладные задачи с

применением аналитических и численных методов, делать качественный анализ, разрабатывать математические модели физических, технических, производственных и других процессов, внедрять теоретические установки в практику. Одновременно с этим на этом этапе должны полностью формироваться методические умения и готовность вести преподавательскую работу по дифференциальным уравнениям в вузе и математику в физико- математических школах. Четвертый этап деятельности проявляется в основном в период подготовки в магистратуре.

Список использованной литературы:

1. Метельский Н.В. Психолого-педагогические основы дидактики математики. Минск, Высшая школа, 1997, 256 с.
2. Параил В.А. Высшее образование в США: в поисках выхода из кризиса. Современная высшая школа, 1982, № 1(37), с. 161-176.
3. Сулейменов Ж.С. методика преподавания дифференциальных уравнений. Учебные пособие. Алматы, Казак университетт, 2009, 200 с.

КӘСІБИ МАМАННЫҢ ІСКЕРЛІК ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ



Қыдыршаев А.С.
– педагогика ғ.д.,
М. Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
мемлекеттік
университетінің
профессоры,
E-mail: kdirshaev_abat@
mail.ru



Мұхамбеткереева Г.І.
– М. Өтемісов
атындағы Батыс
Қазақстан мемлекеттік
университетінің 1 курс
магистранты

Кәсіби маманның өзге тұлғалармен істес болғысы келсе, жақсы ойлана білуі өз алдына, одан да жоғары ғажап сөйлесе білуі тиіс. Ал іскерлік қарым-қатынас басқарудағы қарым-қатынас этикасы мен іскерлік сөйлеу мәдениетін қамтиды. Мақсат – көшбасшы тұлғалардың қазіргі заман құндылықтарына бағытталған ізгілік көзқарастарға негізделген адамгершілік идеалдарын қалыптастыру. Біздіңше, осы орайдағы теориялық, тәжірибелік білім негіздері өзара және әлеуметтік іскерлік қарым-қатынас салаларында іскерлік, коммуникациялық жетістікте табысты әрекеттер әкелері сөзсіз.

Көшбасшы тұлғалардың басшы ретінде де, әріптес ретінде де тиісті этикет ережелерін сақтай білулері кәсіби шеберліктерін де шыңдамақ. Қай деңгейдегі де іскерлік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениеті туралы, аудитория алдында сөйлеуге дайындалуға бағыт беру ережелері, өз тыңдаушыларының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері туралы мағлұматтар ауадай қажет. Нәтижеде осы реттегі тәжірибелік жұмыстар арқылы коммуникативтік дағдылар іске асырылып, іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктерін әркім өз тәжірибесі елегінен өткізе алмақ.

Іскерлік қарым-қатынас – қызмет жүйесіндегі адамдар арасындағы байланыстар дамуының күрделі де сан қатпарлы үдерісі. Бұған қатысушылар ресми статуста сөйлей отырып, нақтылы міндеттерге негізделген межелі мақсатты нысаналайды. Бұл үдерістің басты ерекшелігі – уақытты мөлшерлі пайдалану. Сөйлеу уақытын мөлшерлі пайдалану – ұлттық мәдени дәстүрлермен, кәсіби этикалық ұстанымдармен айқындалатын бекітілген өлшемдерге бағыну [1,25-б.].

Бүгінде ресми қатынас орнатудың түрлі жағдаяттарына сәйкесті «жазылған» не «жазылмаған» норма қағидалары мәлім.

Сәйкесінше қызмет барысындағы қабылданған тәртіп жүйесі мен оны орнымен құбылта білу үлгілері іскерлік этикет делінеді. Негізгі функциясы – адамдар арасындағы өзара түсіністікке септесер қағидаларды қалыптастыру. Ал, іскерлік этикет құрамына енер қағидалы ережелер белгілі бір ұжымның өзара тең дәрежелі мүшелері және ұжым жетекшісі мен оның қарауындағылар арасындағы қарым-қатынас жүйесін анықтайтын нормалар ретінде екі арнаға жіктеледі.

Іскерлік қарым-қатынас – адам өмірінің аса қажетті бөлігі, өзгелермен қарым - қатынас жасаудың маңызды түрі. Осы қарым-қатынастың мәңгілік әрі қозғаушы тетіктерінің бірі ретінде этикалық нормалар танылады. Өзімізге бағынушы адамдармен, басшымызбен не әріптестерімізбен іскерлік ынтымақтастықта қарым-қатынас жасай отырып, әрқайсымыз қалай болғанда да, саналы не стихиялы тұрғыда осы этикалық нормаларға арқа сүйейміз, оларды тірек етеміз. Десек те, адамның моральдық нормаларды түсіну өрісіне қарай, оның мазмұнын ұстану деңгейіне қарай қарым-қатынас кезінде ескерілу дәрежесіне байланысты іскерлік қарым-қатынас жеңілдемек. Демек, этикалық нормаларды жөнімен тиімді үйлестіре отырып, алғы

межелі мақсатымызға жетуде бірден-бір жәрдемші ете аламыз. Сондай-ақ оларды орнымен тиімді қолдана алмау қарым-қатынасты қиындатуы, оны мүлдем кереғар қалыпқа келтіруі әбден мүмкін жағдай. Ал, іскерлік қарым-қатынас деңгейіндегі тілдік сөйлеу этикетінің маңыздылығы неде? Іскерлік қатынастағы өзара әсер ету сәтіндегі уақыт мөлшерінің сақталуы сөйленер сөзге мән беру арқылы да анықталмақ. Сөйлеу этикетінің сақталу міндеттілігі тілдік норма арқылы да анықталмақ. Сөйлеу этикетінің сақталу міндеттілігі тілдік норма тәртібінің қоғам талқылануынан өтуі, сәлемдесу, өтініш, алғыс және т.б. этикеттік жағдаяттарды (мәселен, "сәлеметсіз бе, "мархабат етіңіз", кешірім сұрауға рұқсат етіңіз", "Сізбен танысқанымға қуаныштымын") ұйымдастыруға мүмкіндік беретін типтік тұрғыдағы даяр "үлгілер" арқылы жүзеге аспақ. Бұл іспеттес тұғырлы құрылымдар ортаның әлеуметтік, психологиялық және жас ерекшеліктері ескеріле ерекшеленбек. Ал өзара әсер ету тұрғысындағы қарым-қатынас негізінде адамдардың бір-бірімен байланыс орнатуы, белгілі бір ақпарат алмасуының өзара бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыруы, нәтижеде ынтымақтастықты қалыптастыруы жатпақ. Біздіңше, өзара әсер ету қалпындағы қарым-қатынастың ешбір кедергісіз жүруінің белгілі бір тиімді сатылары бар (*Алғашқы байланыс орнату (адамдарды түсіну, өзін өзгеге таныстыру); қарым-қатынас жағдаятына ыңғайлану (жағдаятты ой елегінен өткізу, кідірісті іріктеу білу); өзекті мәселені талқылау; мәселені шешу; түйіндеу (өзара байланысты сәтімен аяқтау, одан оңтайлы шыға білу)* [2;3;4].

Жалпы іскерлік қарым-қатынас деңгейіндегі байланыстардың қай-қайсысында да тілдік сөйлеу этикетінің өзіндік салмағы басым. Мәселен, "вертикальды" ("жоғарыдан төмен", "төменнен жоғары") іскерлік қарым-қатынас, "горизантальды" қарым-қатынас сәтіндегі тілдік этикеттік қолданыстар. Қысқасы, қазіргі кәсіби маманың әрбір ісінің өрлеп өркендеуіне олардың іскерлік қарым-қатынас деңгейіндегі тілдік сөйлеу этикетін меңгеруі еселеп септеспек.

Кәсіби маман іскерлік қатынасының нәтижелігі көп жағдаятта екі жақтың тыңдау мәдениетіне де байланысты. Жақсы әңгімелесуші болудың бір ғана тәсілі бар делінеді, ол – тыңдай білу. Ел арасында тыңдауға алғашқы, ал сөйлеу қажет болғанда, соңғы болу кредосы да бар. Демек, тиімді сөз сөйлеу көпшілік жағдайда тыңдай білу білігіне байланысты. Алайда, адам атаулы айтылатын мәселенің көпшілік ретте қызықсыз, тартымсыз боларын күн ілгері кесіп-пішіп айтып жатады. Олар ең әуелі тыңдап алудың орнына, сөйленер сөзді іштей сынға іліп жатады. Өзге нәрсені ойлап отырып, тыңдаған қалып танытады. Олар мәселенің жекелеген тұстарына ой жүгірте отырып, негізгі ойларды өткізіп алады [5; 6].

Ал кәсіби маманның іскерлік тыңдау білігін қалыптастыру үшін қандай жіктемелерге сүйенуге болар еді. Жалпы атқарар функциямызға байланысты тыңдау білігінің қырлары да сан түрлі. *Мәселен, біреуге бағынышты адам ретінде*

берілген бұйрықтар мен нұсқауларды мұқият тыңдау. Бұл ретте сіз ақпараттық процессор қызметін атқарасыз. Бұл орайда өзіңізге тиісті деректерді алу өте-мөте қажетті. Ал, ол үшін қысқаша жазба жүргізу, анық түсіну мақсатында сұрақтар қою, терең ұғыну мақсатында түртіп алынған түйіндерді қайталап айтып көру; ереже нұсқаулықтарды шұғыл түрде парақтау тиімді; *Иықтас тең дәрежедегі кәсіби іскер маман ретінде айтылған ақпараттарға екеуаралық оңтайлы шешімдерге қол жеткізу үшін, өзара ынтымақтастық жоспарларын құра отырып, алуан проблемаларды тиімді шешу үшін ден қойып, құлақ салу.* Бір командада жұмыс жасаушы белді мүше ретінде сіз айтылғандарды сүзгіден өткізе баға беруші болуыңыз қажет. Бұл тұрғыдан келгенде ешбір ескертусіз-ақ құлақ қоя тыңдау аса маңызды; *Жоғарғы дәрежелі басшы ретінде өзіңізге бағыныштыларды (өз қарауыңыздағыларды) қайтарымы байланыс алу үшін тыңдау.* Маңғаздана, жаза қолдану мақсатын аңғарта тыңдау қажетті қалыпты бұзуға сеп. Сіз сөйлеушілерді шынайы да адал баяндау жағдайын туғызар қалыпта отырып тыңдауыңыз керек. Өзіңізге бағыныштылардың, олардың ойынша, сіз естігіңіз келіп отырған жайтты ғана айтқанын қаламайтын шығарсыз. Жинақталған әлеуметтік проблемаларды айқындау үшін, істің даму үдерісін бағалап, ілгері атқарылар жұмыс жоспарын топтастыру үшін, сізге шынайы кері қайтарымы байланыс ауадай қажет. Ең әуелі сөйлеушіні мұқият тыңдап алып, кейін істің даму үдерісінің толық көрінісін айқындау мақсатында қосымша сұрақтар қоюға әбден болады. Айтылған мәселелерді де, айтылмай қалған тұстарды да сыни тұрғыдан тыңдаған дұрыс; *Өз ұжымыңның өкілі ретінде сізге баса айтылғандарды мұқият тыңдауға тиіссіз.* Өзгелердің сізге тікелей бергісі келмеген ақпараттық кеңестерін тыңдай отырып, сіз өзіңізге қажетті дереккөздерін алуға ұмтылуыңыз қажет. Өзіңіздің жеке ұжымыңыздың мүмкіндіктеріне қатысты нарық туралы ақпараттарды сүзгіден өткізе ден қоя тыңдайсыз. Сондай-ақ бұл ретте өз істеріңізге қатысты жұртшылық пікіріне де құлақ салудың еш артықтығы жоқ.

Демек, тыңдай білу білігі белгілі бір дәрежеде күш-жігерді талап етеді. Ал кәсіби іскерлік қарым-қатынаста бұл өте маңызды дағды. Белгілі бір хабар, ақпараттан іс-әрекет туындайды. Егер де ұсынылған хабар дұрыс ұғынылмаған болса, онда оның нәтижесі ретінде көрініс беретін іс-қимыл айтылған (ұсынылған, берілген) хабардың талаптарына сәйкес келмейді.

Зерттеу еңбектерге сүйене келе, кәсіби іскер маманның тыңдау білігін қалыптастыру сатыларын төмендегіше жүйелеуге болар еді:

Тыңдауға дайындалу. Сөйлеген сөз өзіңізге жақсы естілетін жерге ыңғайлана орналасу. Бар назарыңызды сөйлеушіге аудару. Оның көзіне назар салу. Алдын-ала түйін жасаудан, алдын-ала сенімсіздіктен аулақ болу. Айтылғандарға келіспесеңіз де сөйлеушіні тыңдауға берік шешімге келу. Сабырлы да байсалды қалып ұстану. Сөйлеуші адамды ең соңына дейін тыңдау.

Сөздің ағымын бұзбай тұтас тыңдау. Адамның сөйлеген сөзінен ойы жүйрік екенін ескеру. Айтылғандарды ойлана қабылдау, десек те ой тұңғығына сүңгіп адасып қалмау. Себебі осындай сәттерде кейбір маңызды тұстарды өткізіп алуыңыз әбден мүмкін.

Негізгі ойды мұқият тыңдау. Сіз сөз соңында негізгі идеяларды қайталай алуыңыз керек. Егер де тек деректер мен мысалдарды ғана тыңдасаңыз, онда маңызды мезеттерді өткізіп алуыңыз ғажап емес.

Жанама ойларды орталық идеялармен байланыстыру. Егер де сөйлеуші өз ойын бүкпесіз, астарсыз тура айтып жатса, онда оларды түсіну жеңіл. Ал олай болмаған жағдайда бұл салада ойлана бас қатыруға тура келуі мүмкін.

Тыңдауға жауапкершілікпен сергек қарау. Қашан да сергек, сақ болғайсыз, аса мұқият тыңдау қалпында қалғайсыз, сөйлеушінің сізден өзіне пайдалы, аса қажетті кері байланысты алуына мүмкіндік жасағайсыз. Ал бұл сіздің дауысыңыздан, тұлғаңыздан және көз жанарыңыздан көрінбек, тіпті бұл арада сіздің дауыстап сөйлесуіңіз міндетті емес.

Сөйлеушінің қалпына, не қалай сөйлегеніне емес, сөйлеген сөзге (сөз мағынасына) басымырақ назар аудару. Сөйлеушінің киім киісі, ым-ишараты, сөйлеу стилінен гөрі идеялар мен деректер қашан да маңыздырақ,

Ал іскерлікті сын тұрғысында тыңдау хақында не айта аламыз. Жалпы сыни тұрғыдан тыңдау дегеніміз – айтылғанды өзгеріссіз, дәл, тұтас қалпында қабылдамау. Естігенін сыни тұрғыда таразылай білетін тыңдаушы ойша өзіне бірқатар сауалдарды қоя білгені жөн (*Айтылған сөздердің астарында не болуы мүмкін? Айтылған ойдың мақсаты қандай? Не қалыс қалдырылды? Айтылғандарға мен неге сенуге тиіспін? Түйіндердің маңыздылығы неде?*).

Қарым-қатынас өнерін меңгерген кәсіби іскер маман қажетті ақпаратты тыңдаушыларына жеткізе біледі және аудиторияның шешен тарапынан айтылған ұсынбаларды қабылдауына әсер ете алады. Бұл жағдай да бір шоғыр қағидалар арқылы жүзеге аспақ (*Тақырыпты, оның негізгі бөлімдерін айқын жүйелеу; тиімді іріктелген көрнекі құралдарды қолдану; тақырыпқа сәйкес бірізділік, қорытынды түйіндердің айқын жүйеленуі; тыңдаушылардың сұрақтарына нақтылы жауаптардың берілуі; ой айқындығы; логикалық байланыстарды сақтау; аудиторияға түсінікті терминологияны қолдану; дауыстың эмоциональды құбылмалығы; айқын дыбыстау (саздылық); сөйлеу сәтінде, тыңдаушылардың сұрақтарына жауап беру мезетінде аудитория реакциясын бақылау*).

Қысқасы, жоғарғы айтылғандардан туындайтын мәселелер кәсіби іскер маманның тыңдау білігін қалыптастыруға сеп болмақ. Ежелгі грек тарихшы-философы Плутархша түйіндесек, тыңдай білуге үйренсеңіз, тіпті нашар сөйлейтіндердің өзінен де пайда табуға болады.

Ал, қазіргі таңда кәсіби іскер тұлғалар бірте-бірте көбірек репортерлердің сұрақтарына жауап

беруге, телефон арқылы әңгімелесуге не теледидар арқылы сөйлеуге мәжбүр. Бұл орайдағы тәжірибе көрсеткендей, жекелегентұлғалардың, сондай-ақ ірі компания өкілдерінің қадамдары көңілден шықпай жатады. Егер бұндай жағдайға алдын-ала мұқият дайындалар болсақ, онда бұқаралық ақпарат құрал саласы қызметкерлерінің іс-әрекетін білу арқылы оларды өзімізге жұмыс жасауға (өзімізге қарсы емес) ыңғайлай алар едік. Ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдарын үш топқа бөле қарастырамыз: 1. *Радио* – тез әрі шұғыл қимылдайтын бұқаралық ақпарат құралы. Жаңалықтар жұртшылыққа пайда болған мезетте-ақ таратылады. Телефонмен хабарласу арқылы да радиодан сөйлей аламыз. Радио арқылы сөзімізді тікелей де, контекстің бір бөлігі ретінде де не толық жазып алып, кейінірек керек мезетінде өңдеп те беруге болады. 2. *Теледидар* – бірден-бір тікелей ұсынылар бұқаралық ақпарат құралдарының бірі. Жұртшылықпен жүргізілген сауалнамаға сүйенсек, оны "ұсынған жаңалықтарына көпшілікті тез сендіре алатын бұқаралық ақпарат құралдарының бірі" ретінде бағалайды. Бір мезгілде көріп әрі тыңдап отырғандықтан, одан алар әсеріміз мейілінше күштірек болмақ. 3. *Баспасөз* – ақпарат таратуда бірден-бір қарапайым әрі тікелей сөзбе-сөз жеткізілетін құрал. Радио мен теледидарға қарағанда күнделікті газеттер жұртшылыққа жаңалықтарды бірер сағат кеш ұсынады. Десек те, баспасөз болған оқиғаның бүге-шүгесіне дейін тарата ұсына білуімен ұзағырақ әсер қалдыруға ие. Журналдар мен кітаптар да осындай сапалыққа ие, бірақ бұлардың әсері алдыңғыдан көбірек деңгейде. Бүгінгі жаңашыл репортерлер мен очерк авторлары материалдарды жазып алу үшін арнайы диктофондарды қолданады. Ал бұл кассеталар (реакцияланбаған) қате баяндаудың, сипаттаудың болмауын қамтамасыз етеді.

Әрбір кәсіби іскер маман БАҚ-пен тиімді қарым-қатынас орнату қағидаларынан хабардар болуы тиіс. Зерттеулерге сүйене айтсақ, олардың өзі бір шоғыр. *Мәселен, жазып алғаннан (кассетаға жазылғаннан) ештеңені өзгертпеу; Репортерлердің біз үшін жұмыс жасайтынын ескеру.* Сәйкесінше, не істеу керектігін үйретпеу, олар біздің айтқанымыздың бәріне бірдей сенбейтігін есте ұстау; Ешқашан жалған сөйлемей. Егер де жауап беруге қиналсақ, барды айту. Бұл ретте қойылған сұраққа жауап бере алатын адамның тегін не агенттің атын айтуға әбден болар еді; «Бұл жағдайда ешбір комментарий бере алмаймын» деп еш уақытта айтпау. Бұндай ретке жол беру телекөрсетімдерді өзімізден алшақтатуға, сұхбат алушы репортерді нақтылы оқиға ізіне түсуге бағыттауға сеп. Егер кідіріс тым ұзағырақ созылса, ол сұрақтарды қысқарта алады. Не келесі сұрақтарды қоя алады. Жалпы репортерге айтылғанды ұғып алуға және келесі сұрақты үйлестіре ұсынуға мүмкіндік беру жөн. Сөз сөйлеу үдерісінде репортерлердің ойлана сұрақ беруі қиындау. Ешқашан да сұраққа нақты жауап беруден артық сөйлемей орынды; Сұраққа жауабыңыз дұрыс болғаны жөн. Егер де ақпарат аса құпия болса, жауабыңыз шынайы әрі астарлы болғаны дұрыс;

Кездесуге кешікпей уақытылы келу. Уәдеге берік болу. Белгілі бір ақпаратпен қамтамасыз ету; Өз мамандығыңыздың саласы бойынша жан-жақты хабардар болу.

Сондай-ақ, БАҚ қызметкерлерінің қандай адамдар екендігі туралы ойлаудың да еш артығы жоқ. Олардың өзіндік кәсіби ерекшеліктері де бар. *Мәселен, жаңалықтар ұсынушы адамдар өздерін жұртшылықтың "құлағы мен көзі" деп есептеуі; тың жаңалықтар іздеуі; кереғар дағдарыс, дау, пікір қайшылығы болуы да мүмкіндігі т.б.*

Сонымен қатар БАҚ өкілдеріне не қажеттілігі туралы білу де артық емес. *Мәселен, бірден бірнеше материал әзірлегендіктен, олар өз сұрақтарының не сұхбаттарының негізіне күллі ақпаратты қамтуды нысана етпеуі әбден мүмкін.* Десек те, оларға қажетті ақпаратты ұсынуға әзір болу; Өзге ешбір жерден ала алмайтын мәліметтерге мұқтаждығы; Өздерінде бар ақпаратты бекіте түскенінді не жоққа шығарғаныңды қалайтындығы; Дәйексөз ретінде қолдануға қажетті пікір не түйін-тұжырым; «Кім», «не», «қашан», «қайда» және «қалай» сөздерінен басталар сауалдар қоярын ескеру; Тым астарлы болудың қажеті шамалы. Сізге түсінікті нәрселер тыңдаушылардың түсінуіне қиын соғуы әбден мүмкін екендігін ескеру: Сабырлы қалыпта кінәлау тұрғысында қойылған сұрақтардың ауанын жұмсарту. Барлық кемсіту сөздер мен сілтемелерді екшей келе сұрақтарды қайтара

жүйелеу; Егер де өз ұжымыңыздың атынан сөйлер болсаңыз, онда ешқашан да ұжым көзқарасына қарсы келерліктей өз пікіріңізді айтпау сізді ұжымның бірден-бір жанашыры тұрғысында айқындауы; Ешқашан да телесұхбатқа шаршаңқы күйде келмеу. Онда шаршаңқылықты «мезі болу» тұрғысында қабылдауы мүмкін. Бұл, әсіресе, қайшылықты жағдаят уақытында іске кері әсерін тигізетіндігі; Мүмкіндігіне орай өзінді көрсететін бағдарламаны алдын ала қарау. Бағдарлама стилімен, жүргізушінің әдеттерімен және жүру барысымен танысу.

Ал теледидарлық сұхбат кезінде әрбір кәсіби іскер маманға қажетті кеңестер де баршылық. *Мәселен, жүргізушінің жан-жақты мұқият даярланбаған болуы әбден мүмкін екендігін есте сақтау. Негізгі ойыңыздан жаңылдырар сұрақтарды алдын-ала аңғара білу.* Тыңдаушыларға нені айтарыңызды нақты білген жөн. Деректер мен көрсеткіштерді есте сақтау; Өз ісіңіздің кәсіби маманы ретінде сұхбатты бақылай білу; Негізгі мәселе бойынша тура жауап беру. Өз пайымдауларыңызды бекіте түсу мақсатында тарихи деректер үзіктерін, салыстырмаларды қолдану; Тақырыптан ауытқымау.

Демек, кәсіби іскер маманның бұқаралық ақпарат құралдарымен сауатты қатынас жасау мәдениеті – іскерлік білік-дағды көрінісі. Ал іскер тұлғаның қай реттегі болмасын сәтті қарым-қатынасы – көкейіміздегі ойды айқын аңғартар басты қағида.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Іскерлік шешендіктану қағидалары. Орал, 2007. - 68 б.
2. Хазагерев Г.Г., Корнилова Е.Е. Риторика для делового человека. М., 2001.-250 с.
3. Филиппова А.В., Романова Н.Н. Риторика: понятия и упражнения. М., 2005. -160с.
4. Пост Э. Этикет. Классическое руководство/ Пер. с англ. М.: ЗАО Центрполиграф, 2005.-648 с.
5. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал, 2006.-142 б.
6. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*). Оқу құралы. - Орал, 2017. -364 б.

КӘСІБИ МАМАН ШЕШЕН СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ АФОРИСТИКАСЫНЫҢ ОРНЫ



Қыдыршаев А.С.

– педагогика
ғылымдарының докторы,
профессор, М.Өтемісов
атындағы Батыс
Қазақстан мемлекеттік
университеті,
E-mail: kdirshaev_abat@
mail.ru



Тақатарова А.Х.

– М.Өтемісов
атындағы Батыс
Қазақстан мемлекеттік
университетінің
магистранты

Жақсы сөз – қашан да жарым ырыс. Жақсы сөз айту – жоқтан барды құрастыру, тыңдаушының құлағына әйтеуір бір жағымды сөз тауып айту емес, тыңдаушының тағатсыздана тосқан асыл арманына сәйкес, дйттеген ойына сай, мақсат-мүддесін дәл тауып, тап басатын, көңілін көтеріп, сезімін сергітетін, құпия сырдың кілтін тауып айта білу. Халқымызда жақсы сөз естісе, «аузыңа – май, астыңа – тай!» деп жатуы тегін емес. Зерттеулерге сүйене ой өрсек, мақал-мәтел – көркем сөз өнерінің көрнекті өрнегі, ұлт рухының құдіретті күші. Асыл сөз – көненің көзіндегі сирек айтылатын, ащы да болса шынайы шындықты баяндайтын, мағына-мәні терең, ақыл-парасатпен өрілген өнегелі сөз. Билер сөзі – қуатты да қанатты, ақыл да нақыл сөздер. Нақыл сөз – өнеге, өсиет ретінде айтылатын аталы сөз. Шешендік сөз – ділмәр адамдардың әр кезде әр түрлі жағдаяттарға байланысты тауып айтқан, нысанасына да дәп тиіп жататын ұтымды, өткір, ақылды да ғибратты өсиет сөздері. Аталы сөз – түркі әлемінде мақал-мәтел мағынасында ең алғаш қолданылған және халық даналығының қорлана қалыптасуына ұйытқы болған байырғы атаулар. «Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұрады». Қанатты сөз – қоғамдағы әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи

Қазақ афористикасы – телегей теңіз ұлттық құндылықтар тұңғиығы. Ал сан ғасырлық аталы кеңестер тұнған ақыл да нақыл сөздер – даналық көзі. Аталы сөз атан түйеге татиды. Түркі әлемінде де, еуропа төрінде де бірегей даналардың дуалы аузынан шығып, ұрпағына рухани мирас болып қалған құнды ойлардың баршасы сөз құдіреті арқылы берілетіні мәлім. Халық даналығы – ұлттық сана межесі, ой-өріс тұнбасы. Халық даналығы – тілінде. Егер де тіл мүмкіндігі шектеліп, сөз байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жетіспей жатса, даналық ой-пікір де шарықтап дамымақ емес. Ал даналықты білдіретін түйін-тұжырымдар, ұғым-түсініктер сапына аталы сөз, мақал-мәтел, қанатты сөз (афоризм), нақыл сөз, шешен сөз, өсиет сөздерді қосар едік. Бұлар – даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлім көріністері, көркем сөзбен көмкерілген тұрақты қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қысқа да нұсқа ой үзіктері [1; 3; 4; 5].

жағдайларға байланысты айтылған және сол сәтте жұртшылық құлақтанып, қарапайым халық арасына тез тарап, елдің рухын көтеріп, ұлтжандылық сезімін оятатын ұтымды да әсерлі қалыптағы жалынды сөздер. Өсиет сөз – өмірде көп жасап, көпті көрген, алған тәлімі мен тәжірибесі, тағылымы мол қазыналы қарттардың кейінгі жас ұрпаққа арнап айтқан мәнді де мағыналы ақыл-кеңестері. Көсем сөз – ойшыл да дана, білгір де білікті, парасатты да ақылман адамдардың, сөз бастаған шешендер мен топ бастаған көсемдердің дуалы аузынан туындап, қалың жұртшылық арасына кең тарап, санасына сіңіп жиі айтылып жүретін ақыл-нақыл, бағдарлы да мақсатты ой түйіндері. Тәмсіл – мақалға да, мәтелге де жақын әрі ұқсас, бірақ екеуінен де өзіндік айырмашылығы бар кіші жанрға тән тұрақты тіркестердің бірі. Қысқасы, бұлар – халық даналығының алтын қоры, рухани байлығымыздың қайнар көзі. Ал осыншама халықтық құндылықтың асып-төгіліп жатқан мол мұрасын сол қалпында жер-жаһанға паш етіп тұрған ана тіліміздің құдіретті күші

мен сөз байлығы, көркем де бейнелі өрнегі. Демек, халық даналығының ұйытқысы – оның тілінде, сөздің құдіретті күшінде [5].

Сөзге ой түрткі. Ой – тамызық. Ой – адам рухының тұғыры, адамзат өркениетінің қозғаушы күші. Сөз – құдірет. Көне Шығыс ғұламалары бұны айқын сезінген. Асылы, ат тұяғынан жаратылған қазақ үшін сөзден қуатты, сөзден асыл ештеңе жоқ. Бір ғажабы, бабаларымыз жығылғанды сөзбен көтерген, жылағанды сөзбен жұбатқан, дұшпанды сөзбен тоқтатқан. Қазақ халқының ұлттық менталитетінде сөз дертке дәрмен болар ем, жасқа ұлағат болар тәрбие, келешекке аманат қылып қалдырар асыл мұра тұрғысында ұғынылған. Демек, сөз өнері – қазақтың қанына сіңген таусылмайтын байлық. Ал жастайынан тамыры тереңде жатқан түгесілмейтін қазақ ойының қазанынан сусындай білген ұрпағымыз сөзді түстеп те, салмақтап та, астарлап та білуі тиіс. Себебі сөз қасиетін таныған ұрпақтың ары да, жігері де, намысы да таза болары даусыз. Сөз – сиқыр. Сөз - ойды ұрпақтар игілігіне айналдырушы асыл айна, зерен зерде. Сөз де, ой да – халық болмысын, рухы мен дүниетанымын танытушы адамдық қос құдірет. Ал афоризм – сөзге айналған ойдың, оймен нұрланған сөздің сән-салтанатын паш ететін бірегей тұжырымды түйін. Афоризм – кәсіби маманның шешендік сөйлеу сөйлеу мәдениетін қалыптастырар бірден-бір таптырмас құнды құрал. Афоризм – қысқа сөйлеудің озық үлгісі.

«Афоризм» («aphorismos») сөзі көне грек тілінде «шағын үзінді», «бүтіннің бөлшегі», «үзік», «фрагмент», «қысқаша анықтама» ұғымдарына сай. Бұл термин орыс тілінде ХVIII ғасырдан бастап ғылыми айналымға түскен. «Ресей Академиясының сөздігінде» (1789 ж.) «афорисм» деп алынған. Бұл терминді қазақ ғалымдарының арасында тұңғыш қолданушы Ш.Уәлиханов: «Қазақтардың ұшан-теңіз өлең жырлары, әлдебір дәуірлерде ақылды бабалары шығарған мәтелдері мен афоризмдері бар», – деп жазады. Әйгілі ғалым терминнің мағыналық, құрылымдық және ұғымдық ерекшеліктерін дөп баса отырып, екі мәселеге ерекше маңыз берген. Біріншісі, афоризмнің белгілі бір авторға телініп және ақыл-кеңес сипатында болатындығы, екіншісі – оның жеке жанр екендігі.

Афоризмдердің табиғатына қатысты пікірлер де сан алуан. Мәселен, «Афоризм – это граненый алмаз мудрости» (Гарун Агацарский), «Афоризм – это алгебра мыслей» (Георгий Александров), «Афоризм – это мысль, исполняющая пируэт» (Жорис де Брюйн), «Афоризмы подобны адвокатам, неизбежно видящим лишь одну сторону дела» (Энтони Бёрджесс), «Хорошие афоризмы – горькое лекарство в приятной оболочке, которое лечит, не оскорбляя вкуса» (В. Швель), «Единственный способ читать книгу афоризмов без скуки – это открыть ее наугад и, найдя что-то интересное, закрыть книгу и предаваться размышлениям» (Шарль-Жозеф де Линь), «Афоризм – как пчела: в нем и золотистый мед, и ядовитое жало» (Кармен Сильва), «Изречения великих людей подобны

позолоченным ложкам: позолота сходит от частого употребления, так и блеск афоризмов теряется от частых повторений» (О. Бальзак), «Мышление афоризмами характерно для народа» (М. Горький), «Афоризмы – камертоны жизни», «Афоризмы – это мысль, отшлифованная опытом» (А. Лаврухин), «Афоризм – это оригинальное выражение банальной мысли» (Э. Севрус), «Афоризм содержит полправды – необычайно высокий процент» (Габриэль Лауб), «Любой афоризм что орех: снаружи хорош, а внутри на три четверти пуст» (Фернан Вандран), «Афорист – добытчик аттической соли для чужих кушаний» (Веслав Брудзинский), «Вы заметили, что мы обращаем гораздо больше внимания на мудрые мысли, когда их цитируют, чем когда мы встречаем их у самого автора?» (Филип Хамертон), «Будущее литературы – в афоризме. Его нельзя эранизировать» (Габриэль Лауб), «Читая древних мудрецов, часто находишь что-то свое» (Болеслав Вольтер), «Не пора ли ввести кольцевание крылатых слов?» (Борис Брайнин), «Не надо мне некролога – лучше напечатайте на этом месте мои афоризмы» (Аркадий Давидович), т.б. [2; 8; 9].

Қазақ афоризмдерінің асыл арнасы сақскиф дәуіріндегі ойшылдар сөздерінен, көне түркі жазбаларынан бастау алады. Яғни, қазақ афоризмдерінің бастау көзі, арғы қазақ арналарынан тарата айтқанда, б.з.д. V-VII ғ. бағзы мәдениет бұлақтарынан саналады. Бұған біздің дәуірімізге дейінгі шамамен 555 жыл бұрынғы атақты Анахарсистің «Жақсылық та – тілден, жамандық та – тілден», «Сый – жеңгендікі, сөз – тергендікі», «Бақытты шаңырақ дегеніміз – жылтылдаған сәнді сарай емес, жан жарыңның, жақын-жораларың мен сүйкімді балаларыңның сыңғырлаған күлкісі, ырысы мен ынтымағы», «Дүниеде уақыттан жасы үлкен ешкім де, ештеңе де жоқ», «Үй дегеніміз – балташылар мен тас қалаушылардың еңбегінің ғана емес, үй ішінде тұрып жатқан адамдардың өзара қарым-қатынасының да жемісі», Токсаридің «Достық туралы көп сөзден достық пейілді бір іс артық», «Құдалық та – достықтың дәнекері», Тонькөктің (Тоң-ұқық) «Ақыл иесі – сөз иесі», «Қағаны батыр, ақылгөйі кемеңгер елдің бағы жанады», Білгенің (Мерген) «Түркіні бұзар – тәтті сөз», «Дарақылық үмітінді үзіп, қанатыңды қияды», «Түркі жұртының тоқмейілсуден асқан дұшпаны жоқ», Күлтегіннің «Бек ұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың күң болмағай!», «Ағасын танымаған іні азар, атасын танымаған ұл азар», «Кетіскеннен кектескен жаман» [4, 15-18-б.б.] деп тұжыруы айқын дәлел. Демек, қазақ афоризмдері – сан ғасырлық тіршілік тағылымынан нәр алған даналық ақыл-ой тұнбасы. Афоризмдер – көшпелілер мен олардың ұрпақтарының өмір сүру тәжірибесін паш ететін ұлттық санамызда, ел зердесінде ерекше із қалдырған ұлы тұлғалар мен ұшқыр ойлы замандастарымыздың ұлағатты сөз тәмсілдері. Интеллектуалдық қазына қалпындағы афоризмдер – адам, адамзат тағдыры туралы тұжырымдар. Афоризмдер – қысқа да нұсқа ойнақы ой мен сиқыр сөзден өрілген тарих, Ұлт тағдырын

ұрпақтар сөзінің сабақтастығымен айғақтайтын рухани желі, уақыт тынысын, заман, қоғам мінезін танытар таңғажайып куәлік. Афоризмдер – халық сөзінің небір жауһарлары, сұлу сөздің қадірін білетін, шешен сөйлеуді өнерге балайтындар үшін шеберлік шыңдау мектебі. Демек, афоризмдер – ертеде ғұмыр кешкен ұлы дала данышпандарының ой-маржандары, тұңғыық сырлы толғамдары, сөз шолпандары, меруерт толқындары. Ендеше, бұл – ой мұхиты, сөз дариясы іспетті өзгеше бір бөлек әлем, шексіз шалқыған кеңістік.

Әрине, афоризм – абсолютті айқын шындық, дайын рецепт не әлдебір даяр нұсқаулық емес. Олай болса, қазақ афоризмдеріне қазақ философиясының төл табиғатын ашар, тақырыбы мен тәсілін тануға жол сілтер ғылыми көркем жүйе ретінде қарау дұрыс. Қысқасы, афоризм – адамзат өркениеті мен мәдениетіндегі рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін шағын пәлсапалық ой, тәжірибелік түйін, логикалық қисын, әлеуметтік-саяси, моральдік-этикалық және эстетикалық көзқарас, туындыгерлік тұжырым түріндегі қысқа да нұсқа көркем туынды, бейнелі кестеленген нақыл сөз. Басты шарттары – өмірлік құбылыстар мен адамдардың іс-қимылына, мінезіне орайлас көзқарастағы анықтық, ой шындығына адалдық, пікір жинақтап қорыту мен түйін жасаудағы логикалық жүйелілік және ойды жеткізудегі дәлдік пен қысқалық. Афористік туындыда әр ой өзінше өзгеше өрнектелген бөлек бітімге ие.

Зерделеушілердің бірқатары афористиканы сөз өнерінің бір түріне жатқызады. Мәселен, данышпан Абай сөз өнерін өлең сөз (поэзия), қара сөз (проза) және ғақлия сөз (афористика) тұрғысында таразылайды. Демек, афоризм – өмір тәжірибесін барынша ықшам әрі өте жинақы кескіндеу құралы. Бұл жүйеде образдан гөрі ойға көбірек салмақ салынады, суреттеуден гөрі салыстыруға, өрнектеуден гөрі ойласуға басымдық беріледі. Логикалық-ғылыми тұрғыдағы тезистердегі талдау тазалығы мен дәлел жүйелілігінен гөрі ақиқатын ойша дәлелдеп емес, бастан өткізу арқылы ғана танып-білуге болатын бірегей рухани тәжірибеге сүйенілмек. Мәселен, афористика жанрында туындылар қалдырған жазба ақын-жазушылар сапында дана Абай шығармаларының шоқтығы айрықша. Абай – афоризмнің кең көлемді классикалық талаптарын терең білген, жете меңгерген және осы үлгідегі ой жауһарларын жасаған әлем ақыл-ой алыптары деңгейіндегі ғұлама ойшыл. Бұған қоса айтсақ, Шәкәрім Құдайбердіұлы («Өмірдің басы – бала, ортасы – адам», «Анық байлық – бойға біткен өнерің», «Бет сұлулығы – тән сыйы емес пе, дауыс пен сөз сұлулығы – жан сыйы ғой. Әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екенінде дау жоқ. Бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды, ал сөз бен ән сұлулығын танушы аз»), Ғабит Мүсірепов («Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жаз», «Есті сөзді естігісі келмеген адам – саңырауға тең», «Оқыс сөз, одыраң мінез – үлгісі жоқ ұлдың, кер кеткен қыздың белгісі»), Бауыржан Момышұлы («Қайрат етер кезінде – жүк көтерер нардай

бол, ақыл айтар кезінде – жүз жасаған шалдай бол», «Әдіссіздік – әлсіздік», Мұзафар Әлімбаев («Ескерткіш тозса да, естелік тозбайды», «Ақиқатты тек ақылды көздермен ғана көруге болады», «Әркім өз ескерткішін өзінің көзі тірісінде өз қолымен қалайды», «Ұста сөз – ұстаз», «Ұстаз ұқтыра алмағанды өмір ұқтырады», «Естілер еңкейген сайын, еңселене түседі», «Ұлтын білгің келсе, ғұрпын біл»), Қадыр Мырза Әлі («Мақсаты кішіден үлкендік шықпайды», «Адамдарды тоқтықпен де жазалауға болады», «Қайғының кішкентайы болмайды», «Мықты қарт мықты жастан шығады», «Әкені ұлы жеңгенде немересімен жеңеді»), Әбіш Кекілбаев («Қандай заманда да өз бақыты жолында күресе білмейтін адамның өз өмірін мазмұнды, мағыналы ете алуы еш мүмкін емес», «Дүниедегі ең қатерлі кесапат – үйреншікті дағдының дегенінен аса алмау», «Жаманның құтын қашырудың жалғыз жолы – жақсының нұрын тасыту», «Кісілік деген – өнер емес, ғылым») афоризмдерінен де тұңғыық тереңдік пен тектілік айқын аңғарылады [2; 4].

Бүгінде афористиканың жанрлық жіктелуі ұғымдық және терминдік тұрғыдан әлі жан-жақты терең зерттеліп, ғылыми қалыпта жүйелене қойған жоқ. Бұл оның негізгі жанры афоризмге де қатысты. Қолданбалық мәніне молырақ назар аударылатын өсиетнамалық афористикалық шығармалар өсиет, кеңес, нақыл түрінде айдарлануда. Сондай-ақ афористиканың қанатты сөз, гнома, апофтегма, хрия, максима секілді жанрлары да бар. Мәселен, «гнома» (грекше гпоте – пікір, түйін) – ықшамды түрде ұйқастырып айтылған екі немесе төрт тармақты өлеңмен келетін нақышты сөз. Араб, парсы, үнді әдебиеттерінде жиі кездеседі. Ежелгі грек, Рим поэзиясында да қолданылған. Кейін Еуропа әдебиетінде де өткір философиялық ой-тұжырымды қысқа қайырып айту үшін осы үлгі қолданылған [9, 117-118-б.б.]. Біздіңше, афористиканың өміршеңдігі оның танымдық ерекшеліктеріне байланысты. Афористика – өткен ұрпақтардың өмір тәжірибесін, мәдени және өркениеттік ой қазынасын жоғалтып алмай, жаңғырта отырып, келер ұрпақ кәдесіне жаратуға мүмкіндік беретін бірегей тиімді тәсіл, ақыл-ой диалектикасының алтын көпірлерінің озығы.

Афоризмдерді кәсіби маманның қысқа да нұсқа шешен сөйлеуінің озық үлгісі дедік. Бұл ретте нақыл сөздер – тиімді ғылыми тезистер іспетті. Ғылым сенің керегіңді қайдан іздеп, қайдан табатыныңды көрсетіп береді. Басқасы талпыныс, ойлау, жітілік, табандылық, зейін арқылы табылады. Халықтың асыл қасиеттері, мемлекеттік шаралардың аса мәнділігі, жиналған топтың құлшыныс-зауқы шешеннің сөзіне ерекше екпін, әрлілік үстейді. Ғалым алдында тіліңді, ұста алдында қолыңды тый дейтіміміз содан. Ал, шешен топты өрнекті ойларымен иландырады, оның ұлылығы асқан шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенеді. Демек, сөзінің оттылығымен, жарқылығымен, күшімен, көріктілігімен баурап алады. Сол себептен де өнерлі шешеннің орны әзір дейміз. Шешеннің өнерінен дара ғибрат қалар дейміз. Асылы, Майлықожа

Сұлтанқожаұлы: «Бұлбұлдан шешен бір құс жоқ, бармақтай-ақ қарасы, Оқтан жылдам ажал жоқ, тырнақтай-ақ жарасы», - деп тегін айтпаса керекті. Бұл ретте де Шәкәрімнен «шешеннің нақылы ортақ, көсемнің ақылы ортақ» деген тұжырым қалған.

Нақыл - ой тұнбасы. Тұңғыық ойлар - өзін ештеңемен суырып ала алмайтындай тұрғыда ақылға сіңірілген мық шеге. Құстың қапелімде жерге түсіріп алған жалғыз дәнінен кейде уақыт өте келе тұтас бір орман, жаңа бір туынды өсіп шығады... Кемеңгерлердің нұрлы ойларымен танысу таңғажайып ой жаттығуы іспетті. Ақылды құнарландырып, ойды сындарлы етеді. Жасқа да, жасамысқа да қажетсіз болуы мүмкін емес. Мақалдар - мол өнеге көзі, басқаша айтқанда, нақыл сөздер ой толғауға баулымақ. Л.Н. Толстойдың бірде: «Менің өзгемнің ақылымен өмір сүргім келмейді, қажет болса, өзім ойлап аламын» дегенді жастар тарапынан жиі естиміз. Ойлап қойылғанды ойлап жатудың қажеті қанша? Барды ал да, ілгері жылжы. Адамзаттың күші осында», - дегені барды. Ендеше, аталы сөз - тоғыз қабат қорғаның. Қасиетті сөздер өздерін қайталаптырып оқыттырады.

Нақыл сөздер - афоризмге негіз болар түйін көзі. Афоризм – өнер иіріміндегі философия не философия иіріміндегі өнер. Афоризм - философия поэзиясы. Егер де жақсы кітап - ұлттың антологиясы десек, әрбір ойлы афоризм - жеке бір жақсы кітап іспетті. Афоризм - тілсіз тәлімгер. Жақсы сөз - жанның тынысы. Демек, жақсы сөз айта білгенге не жетсін! Дәйексөзді өзгемнің сөзін орынсыз қайталау деу де бар. Асылы, жаман сөз қанша болса, жақсы сөз де сонша. Ұлы іске ұлағатты сөз керектігі де даусыз. Монша тәнді сауықтырады, жақсы сөз жанды сауықтырады деп босқа айтылмаса керек. Қысқасы, білімдінің сөзі - оң, білімсіздің сөзі - тоң екенін ескергенге не жетсін. Ал, нақылдап сөйлеу шешендікке әкелмек. «Шешендіктен не пайда, артында сөзі қалмаса? Батырлықтан не пайда, халқына қайран қылмаса? Хандықтан не пайда, қарашасын жалмаса? Молдалықтан не пайда, шарифатты өзгертіп, нашарларды алдаса?» демей ме атақты Төле би. Нақылдап сөйлеу ұрпағымыздың тұлпар, сұңқар сынды жетілуіне жетелемек. Бұл ретте Майқы би бабамыз айтпай ма: «Тұлпардан

тұлпар туады, сұңқардан сұңқар туады. Асылдан асыл туады, жалқаудан масыл туады. Масылдан малбақпас туады, тілазардан қылжақпас туады. Сараңнан бермес туады, соқырдан көрмес туады. Мылжыңнан езбе туады, қыдырмадан кезбе туады» деп. Демек, біліп айтқан сөзге құн жетпейді, тауып айтқан сөзге шын жетпейді. Өзің білмесең, білгендерден үйрен, үйренгеннен ештеңең кетпейді деген сол.

Жинақтай айтсақ, афористика – даналық тұнбасы. Ұшқыр ойды көркем образға айналдыру өнері. Даналықтың тылсым құпиясы осы өнерде. Даналық тұнбасының мөп-мөлдір бұлағынан нәр алу, астарлы да ажарлы ой құнарынан нұр алу қашан да жан байытар, жігер жандыраар, өмірі көзқарасыңды қалыптастыраар, күрмеуі көп тіршілік құпияларын танытар қастерлі дәстүр. Ата-бабамыздың, адамзат баласының жер бетінде өмір сүру тәжірибесінің қыр-сырларын көңіл көзінен өткізгенге не жетсін! Тарих төріндегі талай марқасқа бабалардың ғана емес, заманы бір толымды заңғарлардың ойына ортақтасудың өзі қандай! Демек, бүгінгі жастарды – ертеңгі кәсіби ұлт тұлғаларын, Абай ғұлама айтқандай, «табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам» ретінде баулуда осынау ұлы мұраның, даналық ойлардың орны орасан. Ендеше, афоризм – шынайы шипагер емші. Аталы сөздің атан түйеге татитындығы да осында. Олай болса, күллі әлемге белгілі қоғам қайраткерлерінің, нар тұлғалы азаматтардың өмірдің ащы-тұщысын көргендігі, тәжірибесінің молдығы, көңілге түйгенінің тереңдігі, одан алған тағылым-тәжірибесінің ұланғайырлығы алдыңғы ата-бабалардың даналық қазынасына құлақ қоюынан, әлемдік өркениет-мәдениет тұңғығына зер салуынан, замандас әріптестерінің елең еткізер ойларына сыни көзқараспен қарай алуынан деп білеміз. Ел үшін тер төгуде, тіпті күнделікті тірлікте сәтті ой өруде, онсыз да жетпей жататын уақыт шіркінді үнемдеуде, тұйықтан шығарар жол көрсетуде мол жәрдем етер осыншама асыл рухани мұра үзіктерін, алтынның жарқылдарын ерінбей-жалықпай топтастыру, арнайы зерттеу нысаны ету, келешек жастарға үлгі ете ұсыну қолдарлық іс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ақыл – парасат кітабы. Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. – 316 б.
2. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал, «Ағартушы» баспасы, 2006.–142 б.
3. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы. Орал, «Полиграфсервис» баспасы, 2017. – 364 б.
4. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін). Құрастырушы Е. Шаймерденұлы. - Алматы: «Алматы кітап» баспасы, 2012. -320 б.
5. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы, «Тоғанай N» баспасы, 2004. – 560 б.
6. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев). Алматы: «Ана тілі», 1998.-384 б.
7. Борохов Э. Энциклопедия афоризмов: Жемчужины мысли. М.: «Издательство АСТ», 2003. – 686 с.
8. Душенко К.В. Большая книга афоризмов. 8-е, исправленное. – М.: Издательство Эксмо, 2006. – 1056 с.
9. Большая книга афоризмов. Мудрость тысячелетий. – Минск: Харвест, 2008. –506 с.

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В ВУЗАХ

ДИЗАЙН ТЕКСТИЛЯ: ВОЗНИКНОВЕНИЕ, ПУТИ РАЗВИТИЯ, СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

60



Торебаев Б.П.
– Южно-Казахстанский
государственный
университет
им. М. Ауэзова

Дизайнерское искусство в его современном диапазоне жанров и форм – уникальное явление нашего времени. Множество исследований посвящено истории и теории дизайна, его связям с искусством, однако в гуманитарной науке до сих пор нет единого определения самого понятия «дизайн».

Как отмечают исследователи, теория дизайна (в отличие от практики) во второй половине XX столетия не принесла более или менее однозначных результатов. Появляются все новые и новые подходы к осмыслению этого феномена – и прежде всего в философии и культурологии, которые требуют научного обобщения. В связи с этим изучение условий и предпосылок формирования дизайна как социокультурного феномена, его функционирования в культуре в сложных и многоплановых взаимосвязях с художественными стилями направлениями обретает особую значимость.

Художественное проектирование текстильных изделий – понятие далеко не новое. Создание

рисунка для ткани относится к графической деятельности конца XVII и в начале XVIII века. Однако в этот период продукция текстильных производств в основном предназначалась для индивидуального использования, так как еще не была развита технология швейной, мебельной и строительной индустрии. Несмотря на высокое качество и высокое художественное исполнение узоров, промышленные методы создания рисунков для ткани сводились к чисто оформительским задачам. Не учитывались функциональные свойства и особенности структуры текстильных изделий.

- 24.09.18. Накануне дня Учителя студенты встречались с нашими ветеранами - кандидат сельскохозяйственных наук, доцент Молдаханов Н.Р организовал мероприятие «Ұстаз болу – жүректің батырлығы», ориентированное на воспитание студентов как личностей, креативных, высококвалифицированных. Овладеть своей профессией, её секретами – задача каждого обучаемого. Студенты наглядно убедились на личном примере ветеранов-наставников, какие профессионалы стояли у истоков становления и развития университета.

- 26.09.18. Студенты дебатного центра «Ақиқат», частые гости клуба «Ақ сәуле» при областной библиотеке им. Ж. Молдағалиева, организовали встречу с ветеранами труда. Надо сказать, что студенты являются не только зрителями, но и принимают активное участие в презентации новой литературы, читательских конференциях, интеллектуальных играх, что, безусловно, углубляет воспитательный процесс развивая личностный

потенциал выпускника университета.

- 28.09.18 Научная библиотека университета с участием студентов и профессорско-преподавательского состава провела круглый стол и пресс-конференцию, посвященные обсуждению Послания Президента РК Н.А. Назарбаева «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни». Послание Главы государства тесно связано с «Рухани жаңғыру». Конечная цель - улучшить качество жизни населения, создать благоприятную среду для жизни. Следующий этап реализации «Рухани жаңғыру» нацелен на молодых людей, поскольку сформировать понятия и убеждения легче, чем изменить уже устоявшиеся. Понятно, что процесс урбанизации будет идти, но в то же время мы не должны забывать о том, что нужно создавать равные условия и на селе, чтобы молодёжь смогла выбирать и пускать там свои корни. Нас как работников педагогического вуза, конечно же, вдохновил принятый в новом году документ о статусе Учителя, который будет способствовать выбору профессии педагога среди абитуриентов.

- 01.10.18. В форме дискуссионной площадки студенты университета беседовали с председателем Комитета по делам молодежи и семьи Министерства общественного развития РК А. Ораловым. Студенты задавали вопросы, вносили предложения: о проведении республиканских конкурсов, фестивалей, по туристической поездке по сакральным местам Казахстана, повышению стипендии для обучающихся по грантам, строительству спортивных площадок, домов молодежи.



- 03.10.18. «Посвящение в студенты». Это традиционное мероприятие, посвященное принятию в ряды I-го курса студентов университета проходит ежегодно. Первокурсники знакомятся с достижениями университета, с активом вуза, принимают клятву верности родной Alma mater. Им была посвящена концертная программа из лучших выступлений лауреатов, дипломантов республиканских, международных конкурсов.

- 12.10.18. Студенты участвовали на вечере «Х. Есенжанов-адамзаттың асылы» в Казахском драматическом театре. Вечер был содержательный, студенты получили хороший воспитательный урок по творчеству и деятельности казахского писателя

Хамзы Есенжанова. Его творчество пронизано любовью к своей Родине, его истории. Тонкий знаток истории Западного Казахстана Х. Есенжанов в своем романе «Яик-светлая река» исторически обосновал ход событий эпохи гражданской войны, становление мировоззрения казахского народа, переход из одного этапа идеологии в другой, рост самосознания, пути искания героев романа, их судьбы, влияние всех событий на их жизнь. Вечер имел большое значение для воспитания общественного сознания молодых людей

- 16.10.18. В целях реализации программы «Рухани жаңғыру» в университете состоялась встреча с выпускником вуза, поэтом, журналистом региональной корпорации «Жайык пресс» Гайсагали Сеитактом. За 86 лет университет выпустил более 70 тысяч выпускников, которые сегодня прославляют имя родной Alma mater. На вечере прозвучали его стихи, выступили ақын А. Бақтыгереева, преподаватель-ветеран Жолдыкаирова М.Ж., кандидат исторических наук Жаксығалиев Ж.Ж.. Отмечалась высокая внутренняя культура Гайсагали, его умение быть с читателем, откровенным, честным. Студенты получили большой урок становления личности.

- 17.10.18. Студенческая молодежь факультета культуры и искусства приняла активное участие в мероприятии, посвященном 215-летию М. Утемисова «Намыстың наркескені» в Центре Қадыра Мырзали, здесь постоянно проходят тематические литературные вечера с приглашением студентов вуза. Темы литературных вечеров актуальны и имеют воспитательный характер. Университет носит имя Махамбета, поэтому нам важно глубже познать мир Махамбета, учить наизусть произведения, написанные в разные годы, знакомиться с новыми направлениями в изучении творческого наследия великого батыра.

- 18.10.18. Старший научный сотрудник лаборатории археологии, этнологии и антропологии научного отдела и международных связей в рамках программы «Рухани жаңғыру» Калменов М.Д. провел научно-познавательную экскурсию для студентов и учащихся Назарбаев интеллектуальной школы. Учащиеся посетили места археологических раскопок и расширили свои знания по краеведению, истории областного центра и Приуралья.

- 20.10.18. Студенты: Сарсенова О.А. (3 курс), Рахимов Е.Б. (2 курс) награждены благодарственными письмами за участие в волонтерском движении в команде спасателей при комитете ЧС МВД РК по ЗКО в летнее время.

- 22.10.18. В рамках большой работы по переводу с кириллицы на латиницу информационно-пропагандистская группа из числа преподавателей по подготовке кадров для преподавания нового алфавита и подготовке учебников для средней школы по разъяснению правил орфографии организовала выезд в районы области (Хасанов Г.К., Аронов К.Г., Ниязғалиева А.А.)

- 23.10.18. Старший преподаватель Мусина Жансая в республиканском айтысе «Байтақтан

озық бәйге алған» в г. Атырау завоевала Гран-при. Участие преподавателя в республиканском айтысе, безусловно, престижно для вуза. Айтыс-такая форма, где есть возможность высказать свое мнение на животрепещущие вопросы сегодняшнего дня. Именно этот жанр помогает нам исправлять недостатки, преодолевать негативные явления. Жансае удается в этом жанре реализовать себя, её слово всегда актуально, и к нему прислушиваются. В этом конкурсе Мусиной Ж.Г. не было равных, и она была удостоена главного приза республиканского конкурса. Ректор университета Серғалиев Н.Х. поздравил успешным выступлением, поблагодарил за большой вклад в развитие айтыса, выразил надежду, что Жансая своим примером окажет влияние на молодежь, чтобы они стремились добиваться успеха в жизни.

- 22.10.18. Студенческий театр «Мұрагер» осуществил постановку на сцене актового зала пьесы «Актриса». Режиссер спектакля - студент 4 курса М. Туяк.



- 25.10.18. Студентка 1 курса специальности «режиссура» Жолдасымова Ш. приняла участие во встрече с К. Куанышкалиевой, мероприятие проходило в рамках акции «Меирбандық күндері». С первых дней студенты университета участвуют в таких массовых мероприятиях, что способствует их профессиональному росту. Составление сценария, непосредственное участие в его реализации – всё это составляющее для будущего в овладении профессией.

- 26.10.18. На республиканской научно-практической конференции «Сохранение национальной идентичности в условиях глобализации» - в рамках реализации мероприятий, посвященных программе «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» участвовали студенты и магистранты университета. Неоднократно отмечается, что принятая программа всецело направлена на обновление казахстанского общества и способствуют росту человеческого капитала, духовное обновление молодого поколения, воспитание их на культуре, традициях, идущих с глубины веков.

- 29.10.2018 г. Деканат естественно-географического факультета организовал встречу с известной телеведущей канала ТДК-42 Нурбигуль Егизовой. Вечер был посвящен актуальной теме

– воспитанию нравственности молодых девушек. В доверительной форме, корректно, были даны на обсуждение актуальные темы: честь, достоинство, забота о родителях, долг перед ними и многие другие вопросы. Такие встречи обогащают кругозор обучающихся, дают им возможность учиться новому и реализовываться в жизни. Мастер-класс успешных людей - наглядный пример для будущих выпускников, которым предстоит строить свою карьеру, прожить жизнь.

- 30.10.2018 студенты и преподаватели факультета культуры и искусства в республиканской научно-практической конференции «Художественное творчество: лучшие образцы современной казахстанской культуры. Методики, теории, практики» имели возможность погрузиться в мир лучших работ выпускников разных лет художественно-графического факультета и известных мастеров живописи из Уральска, Актобе, Атырау, Актау, Павлодара, Курукшеты (Индия), а также пройти мастер-класс по живописи у профессора, доктор PhD философии искусства, председателя департамента изобразительного искусства университета Курукшета (Индия) - Рам Виранжана....

Лидер нации, поднимая вопросы конкурентоспособности, качества нашего образования, вселяет уверенность в большом будущем нашего государства. Недаром Глава государства своим указом объявил 2019-й Годом молодёжи: «По всем направлениям поддержать нашу молодежь, будущее Казахстана», - сказал Президент. И, безусловно, Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова, вуз с вековой историей, примет самое активное участие в данной государственной программе.



ФОРМИРОВАНИЕ ОТКРЫТОГО МЫШЛЕНИЯ И ГУМАНИСТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ: ВОЗМОЖНОСТИ БИБЛИОТЕКИ



Сейфуллина Г.Р.
– к.ф.н., доцент КЭУ
Казпотребсоюза



Джабаева Г.Н.
– ст. преподаватель КЭУ
Казпотребсоюза

Современное развитие казахстанского общества выстраивает систему образования, призванную готовить активную, конкурентоспособную личность, компетентную в решении жизненных, профессиональных проблем, готовую нести гражданские обязанности, ответственную за собственное благополучие и благополучие своей страны.

Проникая во все сферы общественной жизни, образование является самым динамичным фактором воздействия на развитие общества.

Карагандинский экономический университет, являясь одним из ведущих инновационных вузов Казахстана экономического профиля, определил и успешно реализует на протяжении ряда десятилетий миссию по реализации научно-образовательной политики как основы профессионального роста и личностного развития специалистов для экономики Казахстана. Успешность стремления к достижению конкурентных позиций в мировом образовательном пространстве демонстрирует занятое 1 место в рейтинге НКАОКО гуманитарно - экономических вузов.

КЭУК видит свою миссию не только в образовательной и научной деятельности, но и в формировании и развитии у молодежи активной гражданской позиции, социальной ответственности, чувства патриотизма, высоких нравственных и лидерских качеств. В миссии КЭУК делается акцент на личностное развитие студентов и сотрудников.

Стратегическая линия развития вуза отвечает решению задач в сфере образования, поставленных Главой государства. Программная статья Президента РК Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» высветила имеющее место дефундаментализацию гуманитарного образования, которая ведет к снижению общего уровня подготовки специалистов

и может иметь негативное проявление уже в ближайшие годы. В научной и практической деятельности человека определяющее значение приобретают такие фундаментальные задачи и многоцелевые программы, для решения которых необходимы комплексные усилия представителей естественнонаучного, технического и гуманитарного знания. Кроме того, объективная потребность в гуманитаризации образования диктуется также современными социальными процессами. Социальная защищенность специалиста все более зависит от его гуманитарных знаний, его способности ориентироваться во все усложняющейся экономической и политической жизни общества, его умения и способности к социально-психологической адаптации в постоянно меняющемся мире. В этой связи, миссия КЭУК звучит как никогда актуально. Ее реализация способствует активизации и гармонизации духовного мира обучающихся, формированию открытого мышления, дает личности импульс к саморазвитию и творческой активности, и в конечном итоге подготовке современного специалиста, решающего не только узкопрофессиональные проблемы, но также понимающего и последствия своей профессиональной деятельности, их роль и значение для всего общества. В Посланиях и программных статьях Президента РК Н.А. Назарбаева подчеркивается, что без единения населения страны, без осознания себя гражданами государства, обладающими определенными правами и обязанностями ни одно государство современного мира не может быть процветающим и конкурентоспособным. Осознание ответственности за будущее своей страны невозможно без образования идейной, нравственной и гражданской системы ценностей личности. Явление «утечки мозгов» можно рассматривать как одно из следствий

недостаточного гражданского воспитания при достаточном высоком уровне профессиональной подготовки студентов. Рассогласованность учебного и воспитательного процессов приводит к маргинализации сознания, проявляющегося в потере молодым поколением предшествующих традиций и духовных ценностей, ослаблении исторической преемственности.

Социально-гуманитарным дисциплинам принадлежит ведущая роль в создании мировоззренческих основ творческой социально ответственной личности. На решение этой задачи ориентирует Президент РК, указывая, что если мы ставим целью развитие нашей страны, вхождение в тридцатку развитых государств мира, то наряду с процессами обновления в политической и экономической сферах необходимо формирование новой модели сознания и мышления.

Решая поставленную задачу, в КЭУК совершенствуют и актуализируют модульные образовательные программы специальностей университета, в частности, посредством разработки и введения таких новых элективных дисциплин как «Ценности «Мәңгілік ел», «Основы гражданского общества», «Основы противодействия коррупции» и др. Процесс формирования гражданской компетентности студентов интенсифицирован через акцентирование и обогащение граждановедческой проблематикой дисциплин в образовательном процессе; оптимальное сочетание традиционных и инновационных технологий, использование активных и интерактивных методов; организацию внеаудиторной деятельности студентов, ориентированной на содействие самоопределению и социальной адаптации, закрепление гражданских знаний и умений, осуществление социально значимой гражданской деятельности.

Единство учебного и воспитательного процессов демонстрирует, что социально-гуманитарная подготовка студентов, обладающая значительным потенциалом формирования базовой культуры личности, развития в каждом студенте гражданских качеств, определяющих меру его свободы, гуманности, духовности, ответственности выходит за рамки учебных аудиторий. В созданной в КЭУК целостной системе содержания, форм и методов воспитания немаловажное значение имеет библиотека вуза.

Библиотека КЭУК обладает обширной коллекцией отечественных и зарубежных изданий, насчитывающей более 1 млн. единиц хранения и более 2 млн. электронных документов, которые могут использоваться в учебном процессе со всех компьютеров университета.

Развёрнутая структура библиотеки – это абонемент, учебно-образовательный центр, научно-образовательный центр, центр мировых информационных ресурсов, информационно-образовательный центр, центр культурно-эстетического и творческого развития. Все залы оснащены автоматизированными рабочими местами и зонами Wi-Fi. Библиотека

предоставляет возможности пользователям получать образовательную информацию: текстовую, мультимедийную, цифровую, видео, графическую путем свободного и бесплатного чтения, копирования, тестового общения, а также доступ к электронным версиям журналов лучших академических издательств мира, к международным и отечественным базам данных. Библиотека университета, обладая мощнейшим материально-техническим оснащением, является интеллектуальным, культурным, духовным центром, играющим значительную роль в формировании мировоззрения и духовно-нравственных качеств студенческой молодежи, развитии их творческих способностей, в процессах национального возрождения, изучении и пропаганде мировой и отечественной истории и культуры, формировании толерантности и патриотизма. Она вносит свой вклад в развитие личности студента, используя традиционные и инновационные формы работы. Встречи с яркими личностями истории и современности, организуемые библиотекой, рождают дух патриотизма и гордости за своих соотечественников. Так традиционные встречи с ветеранами ВОВ и воинами ограниченного контингента советских войск в Афганистане. В этом году она прошла в формате оживленной пресс-конференции «Говорят солдаты». Запоминающейся и имеющей позитивный резонанс стала встреча с финалистом уникального проекта «100 новых лиц Казахстана» Сергеем Ан. Сергей Ан - основатель национального стиля смешанных единоборств Номад, один из числа наших земляков, внесших весомый вклад в развитие республики за годы ее независимости, тех, кто своим умом, руками и талантом творит наш современный Казахстан.

Информационно и иллюстративно насыщено проходят виртуальные выставки в режиме on-line: «Поэт красивым должен быть, как бог . . .» - Олжас Сулейменов», «Ғабит Мүсірепов қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы», «Имя в поэзии: Мухтар Шаханов», «Жыр алыбы – Жамбыл», «Незаслуженно забытые книги», «Рухани қазына ғасырдан-ғасырда. Книга в веках», «Наша пресса - на все интересы».

Библиотека, проводя массовые мероприятия, основное внимание уделяет не их количеству, а качеству и эффективности. В этой связи в культурно-воспитательной работе библиотека отдаёт предпочтение формам долговременного характера. Одна из таких форм - литературный клуб «Лири» и студенческий театр «Вдохновение». Театр «Вдохновение» радует, вдохновляет и воспитывает зрителей уже второй десяток лет. Одними из значимых можно назвать такие постановки театра «Вдохновение» как мюзикл Э. Лабис «Кошмар на улице Лурсин», драма М.Ю. Лермонтова «Маскарад», трагедия А. Дударева «Рядовые», детективная мелодрама А.Дударева «Мельница», комедия К. Гольдони «Трактирщица», трагедия А. Зосимовой «Ромео и Джульетта в солдатских шинелях». На счету театра спектакли к различным праздникам и памятным

датам, некоторые из них были поставлены на выезде: в Общеобразовательной школе-интернате № 4, в Областной детской библиотеке имени Абая, специализированном доме ребенка «Шапагат» и др.

Театрализованная постановка «Его Имя в эпохе истории» к 350-летию Казыбек би воссоздала дух времени, звучавшими в течение вечера изречениями великого оратора. Сцена, в которой отражен исторически важный момент - обращение Казыбек би к джунгарскому правителю во время ожесточенной войны: «Ты - калмык, а мы - казахи. Ты - железо, а мы уголь, который плавит железо...», не оставила равнодушных к себе.

Вечера поэзии клуба «Лира» - это поэтический мир, душа, время... Участники клуба пишут стихи о том, что окружает, радует, волнует, о том, чем живём мы и наше время. Литературный клуб «Лира» предоставляет студентам возможность декламации и публикации стихов собственного сочинения. Вместе с тем, клуб – это место духовного обогащения через знакомство с творчеством деятелей культуры разных стилей и направлений, изучение и обсуждение их произведений. Литературно-музыкальный вечер «Яркой кистью рябина зажглась» организован к 125-летию М. Цветаевой.

На творческих вечерах «Духовное наследие во времени» к 75-летию О. Бокеева, «Его строка созвучье времени» к 160- летию Шакарима звучали проникновенные стихотворения выдающихся деятелей Казахстана. Литературно-поэтический вечер клуба «Ұлт тілін ұлықтаған» был посвящен 75-летию юбилею выдающегося народного поэта Казахстана, известного общественного деятеля, лауреата многих международных премий, настоящего патриота своей Родины М. Шаханова.

Продолжили работу музыкальные гостиные, знакомя студентов с творчеством И.С. Баха, Л.В. Бетховена и других зарубежных и отечественных композиторов.

Такие формы работы библиотеки – это активная практика формирования художественной культуры личности. Художественная культура, обращаясь к гуманистическому опыту человечества, является ответом на вызовы современности: вестернизации и технологизации культуры, агрессивному распространению образцов массовой культуры и т.д.

Решение жизненно важной проблемы – формирование профессионального мировоззрения, получение уроков мастерства, поиск себя, проживание непрожитого, раскрытие себя, обретение гармонии – как бы ни назывался этот порыв к творчеству, - он подразумевает желание личности вступить в диалог.

Активность и глубина воздействия искусства на формирование личности неминуемо приводят к осмыслению ответственности художника перед обществом. Этические проблемы – нравственный идеал и его воплощение в творчестве, нравственный выбор и судьба художника – вплетены в ткань каждого заседания салона.

Активное деятельное участие способствует интенсивному, поступательному развитию личности. В ответственный период социального взросления человека, в условиях динамично изменяющегося мира, возрастает актуальность социально-гуманитарной составляющей подготовки будущих специалистов.

Реализация всех шести направлений духовной модернизации общественного сознания, обозначенные Главой государства в программной статье – конкурентоспособность нации, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное развитие Казахстана и открытость сознания ориентированы, прежде всего, на молодое поколение страны. Студенчество через процесс духовной и исторической самоидентификации должно стать тем поколением казахстанцев, которые по-новому мыслят, чувствуют исторические перемены и - главное - способны решать масштабные задачи. Для нового социокультурного типа молодых людей, способных активно участвовать в современных модернизационных процессах должно быть присуще критическое мышление, обеспечивающее объективное восприятие социальной информации и определение собственной позиции; нравственная и правовая культура, экономический образ мышления, способность к самоопределению и самореализации; гражданская ответственность, уважение к социальным нормам; приверженность гуманистическим и демократическим ценностям, закрепленным в Конституции РК; компетентность в различных сферах жизни: экономической и гражданско-общественной деятельности, межличностных отношениях, отношениях между людьми различных национальностей и вероисповеданий.

Содержание и формы образовательного процесса в Карагандинском экономическом университете Казпотребсоюза находятся в русле стратегического направления развития казахстанского общества – его гуманизации. Гуманизировать образование – это значит сориентировать его на формирование гуманистически целеустремленной личности, которая в любой сфере общественной жизни, в любой области знания видит их «человеческое измерение». Современное образование призвано отрывать многоаспектность, многовариативность социальной реальности, и в то же время ее целостность, способность к саморазвитию всилу того, что ее системообразующим основанием является человек. Образованная личность должна быть готова к диалогу, политическому и идеологическому плюрализму, критической переоценке и удержанию позитивных моментов прошлого опыта, способна руководствоваться в практическом поведении нравственно-духовными ценностями и идеалами культуры, осознавать планетарную общность и социальную ответственность перед будущими поколениями.

СТУДЕНТТЕРДІ ӨЗІН-ӨЗІ ҚҰРМЕТТЕУГЕ, АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ АСПЕКТИЛЕРІ



Чунетова Ж.Ж.
– б.ғ.к., Әл-Фараби атын. ҚазҰУ-нің Молекулалық биология және генетика кафедрасының доценті



Жұмабаева Б.А.
– б.ғ.к., Әл-Фараби атын. ҚазҰУ-нің Молекулалық биология және генетика кафедрасының доценті



Жунусбаева Ж.К.
– б.ғ.к., Әл-Фараби атын. ҚазҰУ-нің Молекулалық биология және генетика кафедрасының доценті



Алтыбаева Н.А.
– б.ғ.к., Әл-Фараби атын. ҚазҰУ-нің Молекулалық биология және генетика кафедрасының доценті

Жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуының, дамуының түп-тамыры тәрбиеден бастау алады. Қазақстанның ертеңі мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, қоғамның құндылық бағдарлары жайлы сөз қозғағанда, тәрбие мәселелері ерекше назар аударуды қажет етеді.

Білімді, адамгершілікті, кез-келген жағдайда дербес шешім жасай алатын, ынтымақтасуға және өзара іс-қимылға қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезіміне ие адам тәрбиелеу мәселесі жыл сайынғы Республика Президентінің Қазақстан халқына Жолдауынан, Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттыққа тәрбиелеу Мемлекеттік бағдарламасынан және т.б. аса маңызды құжаттардан орын алуда. Тәрбие үдерісіне тікелей қатысты негізгі құқықтар Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген және басқа да маңызды нормативтік құжаттарда жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланың тәрбиеленуі, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрді

сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру - білім беру жүйесінің басты міндеттері болып табылады [1].

Сондықтан, біздің мақсатымыз қалыптасып оңы мен солын тани бастаған жас ұрпаққа дұрыс жол көрсету, олардың бойынан адамға тән адамгершілік, Отанды сүю, өз елінің патриоты бола білу сияқты құнды қасиеттерді сіңіре білу. Адам мақсаты адамгершілік қасиеттер арқылы орындалып, рухани қасиеттер арқылы жүзеге асады. Демек, еліміздегі қоғамды ізгілендіру жағдайындағы ең басты мәселе – адамды құндылық ретінде бағалау. Құндылық – адамдық қасиеттің өлшемі, оның жақсылыққа талпынысы, өзге адамға жанашырлығы, айналадағы адамдарға қайтарымы, өмірді жақсартуға ұмтылысы, өмір сүру ізденісі, тіршіліктегі әр пенденің орны мен рухани-адамгершілік қасиет.

Адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе – баланы құрметтеу. Әрбір бала өзін-өзі рухани жетілдіру үшін өзін тәрбиелеуге ұмтылу керек. Жалпы адамзаттық құндылықтарды өскелең ұрпақтың ақыл-парсатына азық ете білу үшін әрбір ұстаз-тәрбиеші халық педагогикасын, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды терең біліп, оларды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, тәлім-тәрбиеге пайдалануға халық алдында жауапты.

Адам өмірі – көп салалы, әрі көп қырлы. Осыған

орай әркімнің өмірін жеңілдету, реніші мен қайғысын тең бөлісу үшін тәрбиелі, саналы, адамгершілікті адамның сол қайғы-мұңға ортақтаса білуі адамның жоғарғы сапасы. Себебі адамның тәртібі: жастардың үлкендерге сәлем беруі, жол беруі, құрдастарды, достарды құттықтауы, көршінің жақсы қылығын мадақтауы, т.б. секілді кәдімгі қарым-қатынастардан тұрады. И. Гете: «Ең алдымен өзінді-өзің үйрет, сонда сен басқалардан үйренесің» - дейді. Сол сияқты біздің Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Биология және Биотехнология факультетінде студенттермен түрлі іс – шаралар өткізіледі. Оларға іс шара өткізу мақсатының бірі олар бір – бірімен достық қатынаста болады және араласа бастайды, сонымен қатар түрлі жағдайлармен бетпе – бет келеді, сол арқылы үйренеді, ой тоқтатады деп айтуға болады. Қазіргі кезде бізде «Айналанды нұрландыр», «100 кітап», «Дені саудың жаны сау», «Green Kampus» сияқты жобалар бойынша түрлі іс- шаралар өткізіліп тұрады, оның ішінде кураторлық сағаттар, арнайы тәрбиелік сағаттар, түрлі жарыстар мен конкурстар өткізіліп тұрады. Бірақ, дегенмен осындай іс – шараларды қызық көрмейтін бармайтын студенттер тобы да бар, олардың басым көпшілігі қаланың балалары немесе әлеуметтік орта жағдайы бойынша қиын ортадан шыққан балалар деп айтуға болады.

Куратор – эдвайзерлер студенттердің екі тобыменде жұмыс істей білу керек. Адам тәртібінің екі түрі болады: сөздік және нақтылы. Сөздік тәртіп – өз ойымызды білдіруіміз, пікіріміз, дәлеліміз. Біздер, кейде ашу үстіндегі шаршаған кезде немесе жиналған халық арасында, жұмыстағы өз сөзімізге онша мән бермейміз. Ал әрбір сөздің мазмұны іс-әрекетіміз бен қимылымыздан бірден-бір кем емес. Швейцар жазушысы Лафатер: «Ақылды болғың келсе, орнымен сұрауға, көңіл қойып тыңдауға, байсалды түрде жауап беруге және басқа ештеңе жоқ кезде сөйлеуді үйрен» - деген. Атақты жазушы Ілияс Есенберлин: «Ауыздан шыққан суық сөз жүрекке жеткенше мұзға айналады» деген екен. Сондықтан орнықты әңгімелесу, сөйлесе білу, сөз арқылы пікірді, ойды жеткізу – адам мәдениетінің бір саласы. Жақсы әңгімелесуші болудың бір ғана тәсілі бар, ол – тыңдай білу. Тыңдауда – алдарыңызға жан салмайтын біртоға адам болсаңыз, ал сөйлесу қажет болғанда – сөздің соңын күтуге тырысу. Әрбір куратор-эдвайзер студентке өзінің этикасын, құқығын, міндеттерін үйретеді.

Мәдениет – бүкіл адам баласының өндірістік, қоғамдық, саналылық, эстетикалық, тұлғалық, даралық бітім-болмыстарының жетістігінің жиынтығы. Адам мәдениеті мен оның тәртібінің өзара байланысты болуы табиғи іс. Мәдениеттілік – жалпы қабылданған ережелерге сәйкес келетін тәртіп. Ол ережелердің өзгеріп отыруы да мүмкін, соған сәйкес тәртіп ережелері де өзгерістерге түседі. Жақсылыққа ұмтылу мен өзін нағыз жақсы жағынан көрсету бір-бірімен үйлеспейді. Адам ақылды, кішіпейіл, әділ, батыл да қайырымды болуға тиіс. Тек сонда ғана оның осынау Адам деген мәртебелі атпен аталуға құқығы болады. Жаңа кезеңдегі білім

берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады. емдік кеңістік аясындағы адам өмірі дегеніміз не? Бір ғана сәт, қас-қағым уақыт қана. Бізге берілген осындай ғана ғұмырды өзіміз үшін және өзгелер үшін ешқандай қиындықсыз өткізу маңызды емес пе?!

Жас ұрпақты өкінбейтіндей етіп, қателіксіз, уайым-қайғысыз, зорлық-зомбылықсыз өмір сүруге, өмірлері қуаныш пен шаттыққа толы болуға үйрету – біздің қасиетті парытзымыз. Нағыз ұстаз бейнесін Әбу Насыр Әл-Фараби сөзімен түйіндесек: «Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына, шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді» [2].

Осындай ұстазға тән мінез-құлық ізгілікпен ұштасып, бала жүрегінің төрінен орын алған жағдайда жас ұрпақтың рухани бай, адамгершілігі мол, жан-жақты үйлесімді дамыған, елін сүйер абзал азамат болары сөзсіз.

Жас ұрпақ отбасында, ұжымда, қоғамда бірлесе өмір сүру жайында үлкендер әлемінен лайықты өнеге алады. Мұндай өнегеге нелер жатады? Ең алдымен, адамның өз-өзімен және қоршаған ортамен, атап айтсақ, Әлеммен, өзге тіршілік иелерімен, өз пейілдерімен, сезімдерімен және іс-әрекеттерімен жарастықта өмір сүруі, өзінің өмірдегі орнын таба білуі болып табылады [3-7].

Психологтардың айтуы бойынша қатыгез кино, ойын т.б көріністер музыканың шамадан тыс жоғарғы дыбысты болуы, құлаққа наушникпен ұзақ тыңдап жүру, құлақтың мембранасына пайдалы емес. Әсіресе ойындар олардың нерв жүйесіне қатты әсер етеді екен. Себебі жылдам жауап беріп, тез қимылдау талап етіледі. Нервтік жүйенің қысқа уақытта қатты жұмыс істеуі жас баланың шаршауын тездетеді. Сонымен бірге адамның әсіресе жасөспірімдерге өтпелі кезең жасындағы оқушыларға жүйке жүйесіне әсері, тез ашуланшақ болуы, психологиялық құбылыстық әсерлері болуы мүмкін.

Және де таң қаларлық жағдай. Әдетте Жапония

десе көз алдымызға дамыған технологиялар елі елестейді [1-6]. Айтары сол жапондардың технологияға берілгені сонша тіпті ұлттық жазуларын, яғни иероглифтерді дұрыс жазуды ұмыта бастапты. «Ұмытқандардың» саны халықтың 66 пайызына жетеді екен. Бұл көрсеткіш соңғы жылдары 25 пайызға дейін өсіпті. Мұның бәрі қалтафон мен компьютерді шектен тыс пайдаланудың әсері дейді мамандар.

“Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір”, - дейді дана халқымыз. Әрбір жас жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік – экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына, олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Осы орайда ұстаздар қауымы студенттерді оқыту барысында тәрбие мазмұны мен тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық – саяси мәдениетін көтеруге басты ықпал ететін жағдай жасау қажет.

Жастардың өмірдегі ұстанымдары әркез қоғам мүдесімен тоғысып, мемлекеттің даму қарқынына ілесіп отырғаны абзал. Бұл үшін бірінші кезекте жастарды қоғамдағы құндылықтарды қастерлей білуге үйретуіміз қажет. Келешек ұрпақтың парасатты да, мәдениетті болып, білімді, озық технологияларды, ғылымды жете меңгеріп, әсіресе елжанды азамат болып қалыптасуы – біздің болашағымыздың кепілі. Ұрпақ тәрбиесінде ата – ана, қоршаған ортамен қатар университеттің маңызы зор. Жастарымыздың қоғамның жаңару үрдісімен үйлесімді өмір сүре білуі үшін біз олардың тәрбиесіне айрықша мән беруге тиіспіз.

Кім баласын қатардан қалсын дейді. Қай ата-ана болса да шамасы келгенше барын беріп, ұл- қызын қалада жоғары оқу орнында оқытуға тырысады. Баласының студент атанғанын, ертең болашағы зор маман болғанын қалайды. Қалаға келген жастардың еріктері өздеріне тиген соң, адасулары да болып жатады. Оған, әрине, түскен ортасының әсер ететіні белгілі, әр түрлі дос – жаранға кездесіп, әр қилы жол таңдаулары мүмкін. Бұған себеп қалаға келген жастардың барлығы дерлік биологиялық, психологиялық жетілу және қалыптасу сатыларындағы жастар. Осындай жастардың албырттығының, құзыреттілігінің қалыптасып үлгермегендігіне байланысты соңғы жылдары жастардың көбі дәстүрден тыс діни ағымдар ықпалына түсуде. Ал енді бір студент жастар ақша табудың оңай жолы екен деп әр түрлі келеңсіз істермен айналысуға дайын тұрады. Жауыр болған сөз болса да айтайын, жастар ел болашағы, ертеңгі келбеті. Сондықтан осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін әл-Фараби атындағы Ұлттық университетімізде биология және биотехнология факультетінде барлық оқуға түскен студенттерді топқа бөліп, оларға оқытушылар арасында куратор эдвайзерлер сайланады.

Сонымен, студент үшін куратор- эдвайзер кім? Оны мен білмейтін оқырманға таныстырғым келді? Эдвайзерлер жұмысының негізгі бағыттары

жастардың тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, білім алушылардың мамандықтың жұмыс оқу жоспары аясында білім алу траекториясының таңдамалығы негізінде өзін-өзі көрсету қабілеттерін көрсетуге қолдау көрсету. Эдвайзерлер университет, факультет әкімшілігі және студенттік топ арасында байланыс орнатушы негізгі тұлға болып табылады.

Эдвайзердің міндеттері: студенттердің білім алуының жеке траекториясын анықтауға және білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында; оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша барлық қажетті ақпараттық материалдарды дайындауға қатысады, студентке жеке оқу жоспарын құрастыруға және түзетуге ықпал етеді және көмек көрсетеді.

Эдвайзерлер факультет деканының өкімімен кафедра меңгерушісінің келісімі негізінде тағайындалады. Эдвайзер студенттерді университеттің академиялық өмірінің ерекшеліктерімен, оқу жұмыс жоспарының мазмұнымен, диплом алудың талаптарымен, таңдаған мамандығының мүмкіндіктерімен таныстырады және студенттердің өз мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескере отырып оқытудың жеке траекториясын анықтауына жәрдемдеседі. Эдвайзер тіркеу ережелеріне сәйкес студенттердің пәндерге тіркелу барысына қатысады. Әрбір эдвайзерге Тіркеуші кеңсесі анықтаған студенттердің белгілі бір тобы бекітіліп беріледі. Оқу жылы барысында эдвайзер кеңес беру кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

Эдвайзерлер келесідей қызметтерді орындайды: студенттерді білім беру үдерісін ұйымдастырудың ережелерімен таныстыру; типтік оқу жоспарымен және элективті пәндер каталогымен таныстыру (міндетті және таңдау пәндері тізімін құрастырудың талаптарымен, курстың пререквизиттері және постреквизиттерімен); кредиттердің саны туралы мәліметтер беру және оларды игерудің тәсілдерін түсіндіру.

Куратор - эдвайзер студенттік топтарда оқу-тәрбие жұмысын жүргізу барысындағы басты тұлға. Ол топтағы студенттердің қызметін және тәрбие жұмысын ұйымдастырушы. Куратор-эдвайзердің тәрбие қызметінің аса маңызды бағыты болып бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделуіне көмек көрсетеді. Студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық және бос уақытты ұтымды өткізу сияқты мәселелерін ұйымдастырушы. Студенттік топта жастар арасында сыйласушылықты, ауыз бірлікті, қайырымдылықты, өзара бірін-бірі қолдауды үйретеді. Сонымен қатар куратор-эдвайзер университеттегі оқу сабақтарына, аралық, апталық және сессияға байланысты студенттерде мәселелер туындаса көмек көрсетеді. Топтағы әрбір студенттің денсаулығы мен тұрмыстық жағдайын туралы ақпаратқа ие. Жастарды студенттік өмірге баулу, өздерін-өзі тануына көмек жасайды.

Ата-ана үшін ең керекті студенттердің жеке мәселелеріне: сабаққа қатысуы, үлгерімі, жоғары оқу орнындағы іс-әрекетіне куратор-эдвайзер аса көңіл аударады. Керек болған жағдайда ата-аналарға қажетті ақпаратты бере алады [7].

Қазіргі заманауи техникалық заманда ата-ана баласының оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуын интернет болса болды, үйде отырып біле береді. Ол үшін университет сайты <http://www.kaznu.kz> арқылы студенттің жеке логин паролымен студенттің жеке электрондық бетіне кіруге болады. Сонымен бірге студенттің академиялық үлгерімі туралы ақпаратты Регистратор офисі арқылы білуге де болады.

Жалпы, ата-ана бірінші курстың басында куратор-эдвайзермен хабарласып танысып алғаны бір жағынан жақсы. Себебі, әке-шешесі куратор-эдвайзерін білетін болғандықтан студенттің оқуға жауапкершілігі артады.

Біз бірнеше жыл куратор-эдвайзер қызметін қоса атқарып келеміз. Біздің тобымыз қазіргі әлемде қарқынды дамушы биология ғылымының өндіріспен тікелей байланысты саласы бойынша оқитын студенттерді дайындайтын «Биотехнология» мамандығының 3-курс студенттері. Міне, осы топ студенттерімен тәрбиелік жұмыстар жасауда олардың ата-аналарымен әр түрлі кездесулерде олардың көпшілігінің кураторлар жұмыстарынан хабарсыздығы, ал егер баласының оқуына немесе бағыт бағдарына күмәні болса, хабарласып сұрауына болатындығын білмейтіндіктерін байқадық. Тіпті, кей ата-аналардың баласының «бәрін тапсырдым» деген сөзіне сеніп, олардың кейбір пәндерді тапсырмағандығын, ол пәнді қайта оқитынын кеш біліп жатады. Сондықтан осындай ауыл өмірін қалаға ауыстырып жатқан уақытта жастарға көмектесетін куратор –эдвайзері жұмысы жайында жазғым келді. Былай қарасаң, студент кәмелетке жеткен, оңы мен солын танитын сияқты болып көрінеді. Ал жұмыс барысында оқуға түскен көпшілік жастардың, әсіресе, 1-2 курста әлі де болса ата-анасын сағынып, жасы үлкен қамқоршы, ақылшы іздейтіндері де кездеседі. Осындай уақытта студенттің жан дүниесін түсініп, дер кезінде ойларымен бөлісуге шақыру, уақыт табу куратор-эдвайзерға байланысты. Тәрбиесі түрлі от басынан шыққан студенттермен жұмыс барысында топтағы студенттердің этикалық тәрбиесіне, адамгершілігіне, мәдениетіне назар аудара отырып, «Бала тәрбиесі – бесіктен» деген сөздің мағанасын түсінгендей боласың. Топтағы кейбір студенттің білімге құлшынысын, мінез-құлқын, университеттің ішкі тәртібін қадағалауын, тұлғалық жан-жақты дамуға ұмтылуын байқағанда ата анасына іштей рахмет айтасың. Ал кей жастардың өтірік айтып

тұрғанын көргенде ата-аналарының тәрбиеден олқылық жасап алғанына өзің өкінесің, тәрбиелеуге тырысасың. Алайда, нәтиже барлық уақытта бола бермейді.

Сонымен бірге айта кететін жайт, ата-аналардың балаларының мектепте мамандық таңдауына көмектескені дұрыс сияқты. Мысалы, кейбір жастарың көңілі құлап, жүрекпен қалап осы мамандықты таңдамағаны оқуды қызыға оқымағанынан, тіпті дәріс тыңдауға ерініп отырғанынан білініп тұрады. Сондықтан ата-ана мектеп қабырғасында жүргенде өмір жолын таңдауға көмектесіп, сонымен бірге баратын оқу орны мен мамандығы жайында бірге толығырақ білуге тырысқаны жөн. Сонда ғана жастар өмірде өз орнын тауып қана қоймай, кейін мамандығы бойынша еңбектенуде шаршамайтын, жалықпайтын бақытты адам болады. Енді бір студент тек 3-4 университет қабырғасында ғана өзін өзі танып, оқып жатқан мамандығының сыр қырын тереңірек біліп қызыға бастайды. Мұндай студенттер магистратураға түсуге бар күшін салады. Ондай студенттер бізді бір қуантып тастайды.

Студенттер университет қабырғасында тек мамандықты игеріп қоймай, тұлға ретінде қалыптасады, жол таңдайды. Соңғы жылдары ғылымға қызығушылық қала жастарына қарағанда ауыл жастарында басым. Бұл, әрине қуантатын жай болып табылып қоймай, сонымен бірге ауылда әлі де ғылым мен руханиятқа деген көзқарастың басымдығын көрсетеді. Біздің университетіміздің ұстанымының бірі студенттерді ғылымға баулу, сондықтан көп студенттер 2-3 курстардан бастап, факультеттегі ғылыми зерттеу зертханаларында жұмыс істейді. Бұл жастарды тек ғылым саласына баулып қоймай, оларды өмірге шығармашылық көзбен қарауға үйретері сөзсіз.

Сонымен, куратор-эдвайзер ретінде әр студенттің серігі ақыл, жетелеушісі ғылым, көңіліне сәуле шашар жарығы ар мен мінез болса деп тілесем, қаймағы бұзылмаған ауылдан қазақ балаларына дәстүрлі құндылық пен діни санасын жетілдіруден, оны бойларына сіңірден және ішкі мәдениетті үйретуден жалықпаса екен деймін. С. Макаренконың «балаға тәрбие беру үшін тек үгіт пен ақыл жеткіліксіз. Егер сіз өзіңіз мақтаншақ болсаңыз, жолдасыңызды сөксеніз, сіздің балаға айтқан үгітіңіз, ақылыңыз түкке де керек емес» - деген сөздерін әсте естен шығармаса екен деймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы.
2. Закон Республики Казахстан «Об Образовании» от 27 июля 2007 года № 319 - III.
3. Егорова Ю.А. Проблема интеграции науки и образования // Современные наукаемкие технологии. – 2008. - № 1-С.74-75
4. Б.А. Альмухамбетов. Тенденции развития системы повышения квалификации педагогических кадров в Казахстане. – Алматы: «Ғылым», 2001. – 290с.
5. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту Алматы – 2005, 208б.
6. А.Ю. Абинова. Проблемы интеграции системы образования в национальный инновационный комплекс // Вестник КазНУ, 2014. - <http://artiklez.com/artiklej/category/> 163.
7. Чунетова Ж.Ж., Жумабаева Б.А. Студентке кім адвайзер – Қазақстан мұғалімі, Алматы - 2017 ж.

РҰХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМНІҢ ЖАҢА ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

(Джордж Ритцер, Джеффри Степницкидің
«Әлеуметтану теориясы» кітабы негізінде)

83

РҰХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Әбдікәрова Г.О.
– әлеуметтану
ғылымының докторы,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-нің профессоры

Рухани жаңғыру бағдарламасы қазақ қоғамына ерекше серпіліс берген маңызды мемлекеттік құжат болып табылады. Осы бағдарлама аясында ұлттық ерекшелікті түсінуге және оның жаһандану жағдайында қалыптасу тенденцияларын, болашағын зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды жобалар қолға алына бастады.

Көптеген қарама-қайшылықты қызу пікір-таластардың өзегі болған жаһандану мәселесінің адамзат үшін маңызының бар екендігін де айтқан жөн. Жаһандану трансұлттық экономиканың, жалпыәлемдік саясаттың орын алуымен және мәдениеттің бірегейлендірілуімен байланысты процесс. Ол тілі, діні, ділі, мәдениеті әр түрлі халықтарды жалпы әлемдік құндылықтар арқылы жақындастырады.

Жаһандану – бүкіл дүниежүзілік тәжірибелердің, қарым-қатынастардың, сананың және қоғамдық өмір құрылымдарының жалпыға ортақ таралуы. Шамамен әрбір ұлт пен дүние жүзіндегі миллиардтаған адамдардың өмірі көп жағдайда жаһандану арқылы айтарлықтай жақсы жаққа өзгереді (Джордж Ритцер мен Джеффри Степницкий). Батыс пен шығыс өркениетінің ең алдыңғы қатарлы құндылықтары мен тәжірибелері негізінде жаңа модельдер жасау мүмкіндіген қалыптастырады.

Мемлекеттік деңгейде қолға алынып отырған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақ халқының алдыңғы қатарлы ұлттық құндылықтарын насихаттау арқылы жаһанданудың жағымсыз салдарларымен күресуге мүмкіндік беретін маңызды шара болып табылады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылып отырған

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы «Мәдени мұра» бағдарламасынан кейінгі маңызды мемлекеттік жоба. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің 2018-2020 жылдар аралығындағы іргелі және қолданбалы зерттеулері де «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері бойынша осы бағдарламаның стратегиялық басымдықтарын жүзеге асыру мақсатына бағытталды.

Жаңа гуманитарлық білімді дамыту мақсатында қазақ тіліне үздік әлемдік оқулықтарды аудару ісіне Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-нің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының оқытушылары де белсене қатысты. Осы жоба аясында Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-нің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының оқытушыларының қатысуымен Америкалық әлеуметтанушылар қауымдастығының білім беру ісіне зор үлес қосқан Мэриленд университетінің беделді профессоры Джордж Ритцер, Мак Эван университетінің доценті және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі Джеффри Степницкидің «Әлеуметтану теориясы» еңбегі ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылды.

Кітаптың бірінші бөлімінде ежелгі дәуірдегі әлеуметтік ой мен сол кезең өкілдерінің көзқарастары, әлеуметтану ғылымының негізін салған ойшылдардың өмірбаяны мен басты идеялары, екінші бөлімінде қазіргі әлеуметтану

